

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

Мағжан

АҚМЕШШІТ

ЖАСТАРЫ

№ 38 (523)
21 қыркүйек, 2023 жыл



Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті



«Жастар карнавалы» жаңа леп берді

Тарихы
тереңнен
бастау алған
Ақмешшіт дүбірлетіп
тойын тойлауда. Ғұмыры
ғасырға жуықтаған аймақтың
айтулы күнінде биыл
жастар жағы белсенділік
байқатты. Дәстүрлі қала
күні мерекесінің ашылу
салтанаты «Жастар
карнавалы» шарасымен
басталды. Алдағы бір ай
бойына бұл бағытта әлі
де бірқатар шаралар легі
жалғаспақ...

«Жастар карнавалы»
думанды шеруі темір жол
вокзалынан басталып,
шаһардың шырайына шырай
қосып, ажарландыра түсті.
Қала көшелерін әсем әнімен
әуелетіп, орталық көшелерде
мереке мезіретін сезіндіріп
жібергендей. Халық жүрегіне
жол тауып, тыңдаған құлақтың
құрышын қандыра әндер
мен сол әннің табиғатына сай
кинген қазақтың қырмызы
қыздары мен серідей ұлдары
салтымызды жаңғыртып,
жоғымызды бүтіндегендей
болды.

«Әрине, тарих
қойнауындағы Қызылорданың

көрінісін
дөп басып бірден әкеле
алмайсың. Бірақ, карнавалдың
арасындағы көріністің өзі
бірнеше кезеңді көз алдына
әкелгендей. Оның үстіне, «Сыр
күрші – ел ырысы» деген бар.
Аграрлық аймақ екенімізді,
еңбеккерлерін құрметтейтін
ел екенімізді, ән мен жырдың
отаны екенімізді бір ғана
карнавалдың өзі ашып көрсетті.
Сөз жоқ, біздің елдің жастары
бірі-бірінен асқан өнерлі.
Оны дүйім елдің алдында да
дәлелдеп келеді. Маған ерекше
ұнағаны – ұлтымыздың өзіне
тән сипаты айқын көрініс тапты.
Әсіресе, шеруде шаңырақ
көтеріп жүргендердің еңбегі
зор», – дейді қала тұрғыны
Мейрамбек Арғынбеков.

«Достық үйі» ғимаратының
алдында арнайы сахна
дайындалған. Өнерпаз
жастар осы жерге келіп,
аялдады. Мұнда шаһардағы
оқу орындарынан жиналған
400-ге жуық жас мерекелік
шараларға қатысты. Қала әкімі
Асылбек Шаменов қала халқын
мерекемен құттықтады.

Карнавалға қатысқан жастар
көшелерде топпен жүруден
бөлек, «Достық үйі» ғимараты
алдында арнайы дайындалған
тақырыптық қойылымдарын
көрсетіп, қала тұрғындарына
ерекше көңіл-күй сыйлады.
Мұнда аймақ өнерпаздары да

әннен
шашып,
Ақмешшіт
аспанын бимен
көмкерді. Дәстүрлі байқау
нәтижесінде Мәншүк Мәметова
атындағы Қызылорда педа-
гогикалық жоғары колледжі
бас жүлдені жеңіп алса, I
орынды бірігіп өнер көрсеткен
Болашақ дәрігерлер
Қызылорда медициналық
жоғары колледжі, «Өркениет»
медицина колледжі және
«Авиценна» медицина колледжі
иеленді. Исатай Өбдікәрімов
атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық колледжі мен
Қызылорда экономикалық
гуманитарлық колледжі II
орынды өзара бөлісті. Жүлделі
III орынға Қазанғап атындағы
Қызылорда музыкалық жоғары
колледжі, Абылайхан атындағы
колледжі және М.Ысқанов
атындағы политехникалық
колледжі лайық деп танылды.
Сондай-ақ, үздік өнер көрсеткен
қызылордалық спортшылар мен
С.Ысқақов атындағы колледжі
арнайы номинациялармен
марапатталды. Барлық
жүлдегерлер мен
жеңімпаздарға қаржылай
сыйлықтар табысталды.

Д.ҚЫРДАН

ТҮРКІЯҒА БІЛІМ АЛУЫҢ АРТҚЫШЫЛЫҒЫ ҚАНБАЙ?

Оқу арқылы шамнан шырақ жағылатынын білген жас ізденуге құмар. Тіпті тәуекел етіп қиыр-қиырды аралап, шетел асуға дайын-ақ. Әлбетте, тіленші болмай тілегіңе жетіп, өміріңді жарқын ету жөн іс. Бір орында аялдап тұру – сырғып өтетін уақыт пен зырығп кететін заманның қалтарысында қалып қоюмен тең. Оның үстіне дамудың дағдарысына ұшырау өзгенің көлеңкесінде қалумен бірдей. Он бір жылғы білімін бекемдеп, Түркияда түйіндемекші болған Диас Ертай да саналы буынның бірі.

– Көбі арман қуып Астана немесе Алматыға баруға асығады. Сіз неліктен Түркияны таңдадыңыз? Оқу орныңызға тоқталсаңыз...

– Менің ойымша, мектеп қабырғасындағы оқу аяқталған соң білімді жаңа форматта алу қызықты әрі маңызды. Иә, біразы өзге өңір, сырт қаланы таңдап, өзіндік өмір сүруге бейімделгісі келеді. Түркияда оқу технологиясы тың, білім жүйесі де бөлек. Демек, ойлау қабілетінді өзгертіп, таным көзкіекті кеңейтуге мүмкіндік мол деген сөз. Бұл шешімді қабылдау үшін көп ойланбадым. Қалауыма ата-анам да қарсы шықпай, керісінше қолдады. Таңдауым Зонгулдак қаласындағы «Vulnet Ecevit» университетіне түсті. Мұнда сабақ 18 қыркүйек күні басталады. Аса бір қобалжу бар деп айта алмаймын, есесіне зор қызығушылықпен күтіп жүрмін. Алған білім, жинаған тәжірибемді елімде жүзеге асыратыныма сенім мол.

– «Диплом» деп қалауын ысырып қоятындар жоқ емес. Сосын «грант» үшін оқыл, алғаны сандық түбінде қалады. Сіздің мамандығыңыз қандай?

– Мамандық таңдауда асығыстық таңыту ағаттыққа ұрындырады. Расымен, грантта оқу мақсатында қаламаған оқуын оқып, кейін екі қолға бір күрек таппай қиналатындар бар. Мұндайды құптамас едім, тіпті бірнеше жылды босқа өткізу ғой, бұл. Уақыттың құнды ресурс екенін ескерсек, оның әр сәтін тиімді пайдалану қажет. Мамандығым – саясаткер. Оқуым ақылы негізде. Дегенмен, мұнда жеңілдік қарастырылған, оқу ақысы да қалтаға қонымды.

– Ал, грантқа түсудің қандай жолы бар? Осы жайында айта кетсеңіз...

– Түркияда оқуға арналған арнайы «Түркия бурслары» бағдарламасы бар. Меніңше, мұны ізденімпаз білім алушылар білу керек. Яғни, тізім бойынша тиісті құжаттарды жинап, тыңғылықты орындау міндетті. Қолайлысы, құжат тапсыру үшін сабылып жүрудің қажеті шамалы. Өйткені, бағдарламаның сайты арқылы онлайн тіркеуге болады. Сондай-ақ, оқуда озаң болу маңызды. Кіп бестік баға болмағанмен, төрттің өзі санаулы болуы қажет. Кейде мектепте алған мақтау қағаздарға

мән бермей, қайда қалғанын да ұмытамыз. Бірақ әрбір жетістік пен оқу үлгерімі жоғары балл жинауға ықпал етеді. Сосын мотивация хатын жазуға ерекше мән беру керек.

– Шетелде аяққа тұсау салатын алаяқтардың көптігі жиі айтылады. Бойыңызда «өмір сүру қиындайды» деген қорқыныш бар ма?

– Жақынында тастап, жат елге келген соң сағыныш пен қобалжу болатыны белгілі. Десе



де, «нар тәуекел» деп келгендіктен қорқынышты үдеткім келмейді. Көздеген мақсат-мұратына жету – мықты болу. Оның үстіне мұнда Түркия мемлекетіне оқуға келуіме кеңес беріп, бағыт-бағдарымды айқындаған әлпем бар. Өркез қол ұшын созып, жәрдемдесуге даяр. Сонымен қатар, бөлек шаһарда шығалаңға түспеу үшін қағида берік, өзіне жауапты болу алғышартың бірі деп білемін.

– Оқуыңызға сәттілік тілеймін. Сұқбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен
Замира ҚОНЫСЖАН



ЖАҢА МИНИСТРЛІК НЕ ШЕШЕДІ?

3-бет



ЖАҢАҚОРҒАН: ТҮРЛЕНГЕН ТІРЕК МЕКТЕП

5-бет



«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»: ЖЕҢІСТІ КҮН ЖЕТТІ

7-бет

Жуырда облыстың 85 жылдығы және Қызылорда шаһарының төл мерекесі аясында «Kitap Fest» кітап фестивалі өтті. Қоғамның интеллектуалды әлеуеті мен мәдени құндылықтарын арттыруды мақсат тұтқан шара көпшілік көңілінен шығып, қолдауға ие болды. Фестивальде жазушы мен оқырман өзара байланыс алаңына қол жеткізу арқылы жаңашылдыққа ұмтылса, қала тұрғындары рухани кештің куәсі болды.

Биыл дәстүрлі түрде ұйымдастырылған шара «Қалагерлер аллеясында» байрақ көтерді. Фестиваль барысында Ы.Жахаев көшесінің бойында «Өткені сырлы, келешегі нұрлы – Қызылорда» атты кітап көрмесі мен жәрмеңкесі жалғасып, «Жыр толғаған Сыр елі» әдеби-сазды кешімен түйінделді. Қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла

Құттықожаев, қала әкімі аппаратының басшысы Жасұлан Абатов бастаған фестиваль қонақтары жергілікті кітапханалар қорымен танысу арқылы кітапсүйер оқырманға ізгі тілегін жолдады.

«Дәстүрлі фестиваль жыл өткен сайын өзінің мәні мен маңызы, тағылымы жоғары шара екенін ұқтырып келеді. Оған дәлел, өткен жылы ғана «Өнер» арбаты бойында киелі Сырдың бренді – қобыз сұлбасында жасалуы. Сондай-ақ «Қызылорда – оқитын қала» ұранын көтерген көше кітапханасы тұрғындардың оқыған кітаптарымен жиі бөлісетін орнына айналды», – деді Ибадулла Дүйсенбайұлы.

Аталған фестивалдің ерекшелігі сол, шараға Қарағандының «Қасым баспасы»,



«KITAP FEST»

МЕРЕЙ МЕН МӘДЕНІЕТ

Түркістанның «Мазмұндама» және «Отбасы хрестоматиясы», Алматының «Мұқаба» баспалары мен жергілікті «Кітап ал» дүкені атсалысты. Олар баспадан жарық көрген шығармаларды оқырман назарына ұсынып, кітап сатуға мүмкіндік алды. Шара барысында қаламыздың үздік оқырмандары мен бірқатар кітапханашы қала әкімінің арнайы

алғыс хатымен марапатталды. Ал үш дүркін алтын домбыра иегері, ақын Мұхтар Ниязов қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне жуырда жарық көрген «Тектілік пен тереңдіктің қайнары» атты жыр жинағын табыс етті.

Әділетті Қазақстанға оқитын және білімді жастар қажет. Сондықтан мұндай іс-шараларды өткізу өте маңызды. Кітап оқитын адам сана көкжиегін кеңейтеді, логикасын, ойлауын дамытады, есте сақтау қабілетін жақсартады. Осы ретте, «Kitap Fest» фестивалі көптеген адамды біріктіріп қана қоймай, жаңа мүмкіндіктерге жол аша бермек.

Айта кету керек, фестиваль аясында қала мектептерінің оқушылары арасында шахмат пен тоғызқұмалақтан және асфальтқа сурет салудан сайыстар өтті. Өрбір сайыстың жеңімпаздарына мадақтамалар мен медальдар табысталды.

Р.МАҚСҰТ

Алдымен, Қызылорда төрінде Ақмешіттің астана болатын жиынын еске салайық. Тарих деректеріне сүйенсек, 1922 жылы Перовск қаласына Ақмешіт атауы беріледі. Ал 1925 жылы 17 сәуірдегі Қыргыз АССР-і Кеңесінің (Советі) V съезінде Ақмешіт қаласы республика астанасы болып, аты Қызылорда болып өзгертілді. Бұл съездің өрешелігі көп әрі қазақ тарихында елеулі орын алады. Біріншіден, республика астанасы болып бекітілді. Екіншіден, біз өзіміздің қазақ деген кәсірлі атауымызды алдық. Үшіншіден, астанамыздың аты қойылды. Міне, Қызылорда атауы осы жиында қойылды.

Ондай адамдар тарихи деректерге қатысты айтқанда, сүйенетін дәлелінің болатыны анық. Тарихқа көз жүгіртсек, 1925-1929 жылдары Қызылорданың ел астанасы болғаны айтылады. Орынбордан Ақмешітке орталық қаланы ауыстырғанда саяси элита да Сыр бойына келген болатын. Архив құжаттарының негізге ала отырып, тарихи деректерді сөйлетер болсақ, 1925 жылдың сәуірінде Қазақ АКСР кеңестерінің V съезіне сайланған делегаттар мен үкімет мүшелері Ақмешітке келген. Осы қалада сол кезде бес күнге созылған съезд өтіпті. Бұл жайында облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Г.Жалғасова «Алаштың алты қанат ақ ордасы» атты мақаласында: «15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қыргыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды» деп жазады. Бұл съезде ұлтымыз бен қаламызға қатысты екі тарихи шешім қабылданған. Олар ресми құжаттарда қыргыз аталып келген ұлт атауын қазақ етіп, тарихи қателікті жөндеу және Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгерту болды. Жалпы ұлт атауына қатысты тарихи қателікті жөндеу жайлы мәселені қайраткерлер бұған дейін де көтерген. Дәлелді алыстан іздемей-ақ ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектеріне үңілейік. Ол кісі Сәкен Сейфуллиннің тәуелсіздік жылдарына дейін беймәлім болып келген бірнеше мақаласын тапқан. Соның бірі – 1923 жылы жазылған «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы.

Ұлттың атауына келгенде бәрі түсінікті, ел қамын жеген азаматтар өбден ойланп, толғанып барып қабылданған шешім. Ал Қызылорда атауы ше? Бұл жайында тарихшы ғалым Х.Тұрсын өзінің «Алаш қозғалысының оңтүстік қағанаты» атты еңбегінде архив құжаттарына негізделген мәлімет келтіреді. Ғылыми еңбекке Дінше Әділовтің 1928 жылы ОГПУ тергеушісіне берген жауабы енгізілген. Онда: «Қожанов, мен, Есболов Табынбаевтың үйінде түсі аш іштік. Съезд аяқталуға таяған еді. Сол кезде үкімет көшіп келген Ақмешіт қаласының атын өзгерту мәселесі көтерілген болатын. Жаңа астананы қалай атау жөнінде ойластық. Қызылорда атауын алғаш ағартушы-ғалым Қоңырқожа Қожықов ойлап тапты. Одан «неге?» деп сұрадық. Бұл – қос қатпарлы атау, ол екі жақты да қанағаттандыруы тиіс екенін айтты. «Қызыл» – демек большевиктерге ұнайды, ал «Орда» – ұлттық атау. Демек ол жақ та, бұл жақ та кінә арта алмайды. Бұл ұсыныспен келістік. Сұлтанбек Қожанов съезде кезектен тыс сөз алып, ұсыныс жасады: бірінші ұсыныс Қыргыз республикасын Қазақ республикасы деп атау керек десе, екіншісі – Ақмешіт қаласын Қызылорда деп атау жөнінде. Съезд екі ұсынысты да бірауыздан қабылдады» делінген. Бұдан Қызылорда атауын съезде көпшілікке ұсынған Сұлтанбек Қожанов болса, оны ойлап тапқан Қоңырқожа Қожықов екенін біруге болады. Ал дәл осы тарихи оқиғаға биыл 98 жыл толып отыр. Демек, сүйікті қаламыздың Қызылорда атанғанына да 98 жыл болды деген сөз.

Ұлпат Қожаназарова, Сырдария ауданындағы №44 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі:

– Біз балаларға білім беруде кітаптағы тарихпен шектелмейміз. Мүмкіндігінше, туған жердің айналасындағы жер-су атаулары, елден шыққан тарихи тұлғалар жайлы зерттеп, балаларды ғылыми жобаларға қатыстырып, зейіндерін ашуда еңбек етеміз. Демек, Қоғалықкөл ауылының тумасы Қоңырқожа Қожықов есімі де бізге етене таныс. Ол кісі елде 1909 жылы Қоғалықкөлде еуропалық үлгіде мектеп ашып, ауыл балаларының сауатын ашуға еңбек еткен. Оның «Өліппе» кітабы 1912 жылы Орынборда басылып шықты. Мұнан бөлек, Қызылорда астана болатын V съезге қатысып, ол жиында Қызылорда атауын ойлап тауып, сол атты көпшілікке Сұлтанбек Қожанов ұсынады. Бейресми деректерде жиынның алдында Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлы Қызылорда атауына ерекше риза болған. Осылайша бірнеше атаудың ішінен біздің жерлесіміз Қоңырқожа Қожықовтың ойлап тапқан Қызылорда есімі қабылданады. Қоңырқожаның жары – атақты болыс Мұңайтпастың қызы Ләтипа. Ол 1925 жылдан бастап, Мұхтар Әуезов атындағы театрының іргетасын қаласқан, ашылғаннан бастап, 11 жыл бойы

сахна жасаулаушы және ұлттық киім-кешек үлгілерін жасап, тігуші болып жұмыс істеді. Ал Сұлтанбек Қожанов пен Қоңырқожа Қожықов бір әулеттің қыздарын алып отыр. Осы әулеттің қызы Күләмдам – Сұлтанбек Қожановтың жары».

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінде жарияланған бірнеше сұхбат сөзімізге тұздық болады. Тіпті, жоғарыда тарихшы мұғалім Ұлпат Қожаназарованың айтқанындай, аталған съезге Ахмет Байтұрсынұв пен Әлихан Бөкейхановтың келгені жөнінде ғалымдардың сөзі бар. Яғни, Алаштанушы, әлихантанушы ғалым, Еуразия ұлттық университеті «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан Хан Аққұлымен филология ғылымдарының докторы, алаштанушы Тұрсын Жұртбайдың берген сұхбаты. Онда біздің айтып отырған мәселемізге байланысты көптеген тың деректер айтылады.

– Алаш көсемінің Қызылордамен байланысы ұзақ болмады, бірақ өте маңызды еді. Тарихи мәліметтерге қарағанда, Әлихан Қызылордаға 2 рет – 1925 және 1926 жылдары аяқ басқан. Алғаш рет халқымыздың «қыргыз» дегеннен «қазақ» деген төл этнонимін қайтарған 1925 жылғы сәуіріндегі 5-ші партия конференциясы кезінде ат басын тіреп, оған құрметті қоңақ ретінде қатысқан сияқты. Конференцияға қатысқаны туралы ешбір ресми дерек жоқ. Оның есесіне сол конференциядан бейнежазба сақталыпты. Алғаш рет белгілі деректі фильм түсіруші Қалиолла Омар ма, әлде тележурналист Болат Мүрсәлім тауып жариялаған әлгі бейнежазбадан Әлиханнның конференция төралқасының (президиумының) қақ алдында жеке орындықта отырғанын көреміз. Ал тарихи деректер бойынша, 1922 жылдың желтоқсанында Мәскеуге өз ықтиярымен кісіндеп жеткізіліп, КСРО халықтарының орталық баспасында (кейін Орталық Күншығыс баспасы аталып та жүрді. – С.А.) Қазақ бөлімінің редакторы қызметінде жүрген Әлихан елге оралып, Қызылордада жер бойынша халық комиссариатына қызметке орналасуға көп күш салады. Оның Қызылордаға оралуына Нығмет Нұрмақұлы бастаған Қазақстан Халық комиссарлар кеңесі де (КазСНК), Қазақстанның Жалау Мыңбайұлы бастаған Жоғарғы атқарушы комитеті де (КазЦИК – кейін Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі) аса мүдделі болды. Алаш қайраткерлерін жаппай қудалауға алған НКВД құжаттарында Жоғарғы атқарушы комитет төрағасы Жалау Мыңбайұлы мен бір халық комиссарының егер үкімет басына Әлихан Бөкейхан отырса, Қазақстан бүкіл Орта Азия Республикаларына жетекшілік етер еді деген әңгімесі келтіріледі. Алайда Алты Алаш көсемінің Ұлы дала еліне қайта оралуына Кремльдің қожайыны И.Сталин мен Қазақстанға партия көсемі болып келген Ф.Голощекин үзілді-кесілді қарсы шығады, – дейді Сұлтан Хан Аққұлы өз әңгімесінде.

Ал Қызылордаға деген ерекше құрметі бар Тұрсын Жұртбай: – Қызылорда

Тарих беттерінде Алаштың анасына айналған Ақмешіт талай қилы-қилы кезеңдерден өтті. Ел арасында өңірдің бүгінгі атауына наразылар да бар. «Қызылорда – қызылдардың ордасы» деген талай жазбаны көзіміз де шалды, құлағымыз да естіді. Ал түп төркінінде Қызылорда сөзі «Алтын орда» мағынасын білдіретінін біліп пе едіңіз? Негізгі ой осында жатыр. Ал біз тақырыптың тінін тарқатайық.

Қызылорда атауы қауіптан шықтымы?

туралы ойлағанда және сонда барған кезімде үнемі үш гимаратты іздеймін. Ол – бірінші қазақ театрының сахнасын ашқан үй. Қаланы біледі деген адамдардан да сұрап, сол үйдің орнын таба алмадым. Үй бұзылып кеткеннің өзінде де соның орнында ескерткіш тұру керек еді. Екінші іздейтінім, қазақ Ақмешітін Қызылорда деп өзгерткен және жер, тіл туралы заң қабылдаған үкімет үйінің гимараты. Бір үйді көрсеткен.

Бірақ соның айналасынан бір ескерткіш тақта көре алмадым. «Мына үйде 1924 жылы Ақмешіт қаласын Қызылорда деп өзгерту туралы мынандай сессияда шешім қабылданған» деген жазу тұрса, бұл Қызылорданың Қызыл-орда екенін нақты анықтап тұрады. Үшінші іздейтінім, осы Ақмешітті Ақмешіт атандырған үй қай жерде? Қорғаны бар еді деп айтқаны қайда? Соны көргім келеді. Қызылордадағы алғашқы және ең мәнді бүкіл қазақ жиналған ұлы жиналыс 1924-1925 жылы өтті. Сол жиынға Әлихан Бөкейханов Мәскеуден арнайы келген. Онда қазақтың жері туралы және қоныстанушыларды тоқтату туралы үлкен қаулы шықты. Міне, осы қаулы Қызылорданың бүкіл әлеуметтік-саяси орнын ашып береді. Қаланың Қызылорда аталуы қалайда алаштың ордасы екенін меңзегі еді. Сондықтан да бұл қаланы көргенде жері ғана қала емес, ұлт тарихынан хабар беретін тарихи орда ретінде көргім келеді. Егер солай болса, онда Қызылорданың даңқы бұрынғыдан да асақтар еді, – дейді.

Марлен Әділов, М.Нәрікбаев атындағы ҚазГЮУ университетінің қазақ тілі пәнінің оқытушысы, PhD Doctor:

– «Қыздың көзі қызылда» дегендегі «Қызыл» сөзінде басқа бір мән жатқандай, зерделей келе мұның «алтын» мағынасындағы сөз екенін байқадық. Сөзімізге бірнеше дәлел келтіруге болады. Бірінші, тілдік деректер:

«Алтын» мағынасындағы «қызыл» сөзі орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде көрінген. Мысалы, Хорезм дәуірі (XIII-XV ғғ.) ескерткіші Нехжұл Ферадис жазбасында «алтын» мағынасында қызыл-алтын қос сөзі қолданылған. Шағатай жазба ескерткіштерінен Шайбани хан сөзіндегі «қып-қызыл алтун» тіркесі бар; Қорқыт ата кітабында қызыл сөзі «алтын» мәнінде жұмсалған. Қазіргі түркі тілдерінен анадолы диалекттерінде кизіл және өзербайжан тілінде гизіл сөздері «алтын» мәнінде сақталған; түркмен тілінде ғызыл тұлғасы актив түрде қолданылады, тіпті біздің «Алтын көрсе періште жолдан таяр» мақалымыз бұл тілде «Ғызыл гөрсе, қызыр йолдан азар» болып жұмсалуда; қарайым тілінде қызыл сөзі «алтын атқары» мәніне ие; якут тілінде қыһыл көмүс тіркесі болса, «алтын» мағынасында.

Ноғай ауыз әдебиетінің жанры «Қазақ жырларында» қызыл алтынтіркесі қолданылған:

Бұлдан қуған қазаққа, Алла берер қызыл алтын етекпен. Қызыл алтын Алла берген қазаққа, Кімлер бермес еру қызын ійтекпен. Өлең шумағындағы қазақ сөзінің «қазақ» атауына қатысы жоқ. Қазақ сөзі бұл тілде «дала жауынгері, бостандық аңсаған дала кезуші» мәндеріне ие. Қызыл алтын сөз тіркесіндегі қызыл сөзі «алтын» мәнін күшейтіп тұр.

Екінші, семантикалық дәлел: Алтынның өзі қызыл түсті болғаннан, түс негізінде зат атауы пайда болды, яғни қызыл сипаты «алтын» мәніне ие болды. Түстің зат атауына ие болу құбылысы тілде бар. Мысалы, атты алан емес екер деп те атайды. Сүт өнімдерін ақ, ағарған дейді.

Осының бәрін жинақтай келе, «Қыздың көзі – қызылда» мақалын «Қыздың көзі алтында» деп түсіндіріп бере аламыз. Расында, қыз баласы алтынға жақын болады және алтын да қызға жарасады. Ендеше қыздарымызға алтын тағып, бағалап жүрейік.

Тілші түйіні:

Алаш арыстарының Қызылорда атауын қойғанда негізгі мақсаты – большевиктерге ұнау емес екені айқын. Біріншіден, Қызыл және орда сөздерінің бірігуінен пайда болған атау түбінде Алтын орда дегенге бағыттайды. Иә, ұлтымыздың ұлық атауын қайтарған Алаштың Алтынордасы қазақтың жүрегі емей немене?!




Әзиз Батырбеков, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы:

– 2003 жыл. Алматы қаласындағы А.С.Пушкин атындағы кітапханаға бардым. Мақсатым – жыраулар поэзиясына, оның ішінде Бұқар жыраудың толғауларына талдау жасау. Өзіме қажетті кітаптар мен ескі газет-журналдарды алып, оқырмандар залына беттедім. Кенет алдымнан қазақ руханиятына бақ боп біткен маңдайалды ғалымның бірі Тұрсынбек Кәкішев шыға келді. Ғалым ағамызды бір-екі рет көргенім болмаса, арнайы таныстығым жоқ. Сол сәбепті амандық-саулықтан ары аса алмадық. Бірақ руханият тереңіне дендеп бойлаған адамдармен сөйлесіп, диалогқа жаныма жақын. Содан ба, әйтеуір, сол күні Тұрсынбек ағаймен жақын танысуға, ашық пікір алмасуға бел будым. Ол кісі кітапханада төрт сағаттан аса отырды. Ағай кетіп қалмасын деп, өзіме керекті материалдарды түртіп, белгілеумен болдым. Бір кезде орнынан көтеріліп, қайтуға ынғайланды. Мен де осы сәтті күтіп отырған едім. Бірден ілесіп, кітапханадан сыртқа қарай шықтым. Қайта амандасып, ғалымның кітаптарын ықыластан оқытынымды, өзін құрмет тұтатынымды айттым. Содан қорда қоймай ағайды сол маңдағы дәмханаға шайға шақырдым. Шай үстінде көп әңгіме айтылды. Тұрсынбек ағайдың білімділігі сонша, тыңдай бергің келеді. Әсіресе, Сәкен мен Мағжан туралы көсіле сөйлегенде, ол кісіні бөлмек былай тұрсын, тоқтату мүмкін емес. Сөзден сөз шығып, менің қай жерден екенімді сұрады. Қызылордадан екенімді айтырғанда: «Е, сен бала Қоңырқожаның елінен болдың ғой» деді. Бұл кісінің айтып отырғаны Қоңырқожа Қожықов екенін бірден түсіндім. Тұрсынбек Кәкішев: «Қызылорданы Қызылорда деп атауға ең бірінші болып ұсыныс берген де, атын ойлап тапқан да осы кісі» дегенінде қатты таңғалдым. Қазақ руханиятына Қожықовтардың қосқан орасан-зор үлесі барын білетінмін. Бірақ Алашқа ана атанған Сыр өлкесінің бас қаласына атау бергенін естімеппін.

Арада 17 жыл өткенде 2020 жылы Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тізгінін ұстау бұйырды. Мына қызықты қараңыз, дәл осы кезде Қызылордада қала күні мерекеленіп жатыр. Пандемияның салдарынан мерекелік шаралар онлайн форматта өтті. Бір апта бойы онлайн форматта өткен шаралар, ашылған мектеп, саябақ пайдалануға берілген тұрғын үй жұртшылыққа қуаныш сыйлауда. Осы тұста 17 жыл бұрынғы Тұрсынбек Кәкішевтің Қызылорданы Қызылорда деп атауға ең бірінші болып ұсыныс беріп, атын ойлап тапқан Қоңырқожа Қожықов жайлы айтқаны есіме түсті. Дерету тарихи деректерді ақтара бастадым. Тұрсынбек Кәкішевтей тұлғалы ғалымның бір дерекке сүйеніп айтқаны белгілі ғой.




Бетті дайындаған Дәулет ҚЫРДАН



Бүгінде бәрі тез байып кетуге бейім. Содан болар алаяқтар астыртын аяқтан шалуды дағдыға айналдырған. Сандырағымен сананы жаулап, жалған уадемен көңіл тойдырады. Иә, біз қомақты қаржыны қалтаға басатын қаржылық пирамида жөнінде айтып отырмыз. Соңынан ілестіріп адам әкелсе кіріс көзі көлемді болады деп сендіреді. Осылайша қаз-қатар адамды тізіп, бірінің салымын біріне табыс етіп үйлестіреді. Десе де көл-кесір байлыққа кенелген адамды көрмейсің. Неге? Себебі, банкротқа ұшырап, басындағы былықтан арыла алмай жүреді. Жатқа жем болу – көрінгенге көзсіз сенудің кесірі. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дейді. Дегенмен, заңсыз істің залалы барын, оңай олжаның орға жығатынын естен шығармау маңызды. Қаржылық пирамиданың қақпанына түскендер көп. Ал құрушылар арасында құтылғаны да, тұтылғаны да бар. Сонда да бұл кеселден айығып отырғанымыз шамалы.


Алғаш рет пирамиданы 1717 жылы Францияда қаржыгер Джон Ло құрған еді. Мұның салдарынан Франция халқының бір бөлігі мен мемлекеттің экономикалық қуаты әлсіреген. Бұдан бөлек С.Мавроди ұйымдастырған «МММ» АҚ әрекетінен дерек бойынша 10-15 миллион салымшы жапа шегіп, 50 адам ауыртпалықты көтере алмай өзіне қол жұмсаған. Табысы артып, шарықтаған пирамида құлдырағанда талай адам шырғалаңға түсті. Ал 1960 жылы



Өңірдегі көрсеткіш күрделенбесін
Көптің ақшасы ұстағанның қолында.

әлі де азайып тұрған жоқ. Қысқасы, пирамиданың пайдасына елітке «мынау қандай батпанқұйрық?» деп ой елегінен өткізгісі де келмейді. Сөйте тұра қарызға батып, салым салғанымен соңында сан соғып қалады. Бір мезетте аяқтың аспаннан келіп, алданғаныңды білу ауырақ. Қаншама адамның күйзеліске ұшырап, өз-өзіне қол салуы адам айтса нанғысыз жайт. Бұл – пирамида иесі берген серттің дертпен тең екендігінің айғағы.

нақты біліп, жіті тексеріп алған жөн. Кез келген адамға жеке мәліметтерді жіберуден сақтанған абзал, – деді Ерлан Қасқырбайұлы. Иә, алаяқтан айла артылған ба? «Chia Tai Pharmaceutical» компаниясы адамдарды «www.kzcsttqql.com» қосымшасы арқылы медициналық «CP Pharma» өніміне қатысты салымшы ретінде тартуды жүзеге асырған. Компанияға арызданған жерлестер саны 100-ге жақын. Салым түріндегі залал сомасы 100 млн-нан асқан. –Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы қаржы пирамидаларына ақша аудармау қажеттігін және барынша сақ болу керектігін ескертіп отырамыз. Соған қарамастан, алданған адамдардың саны азаятын емес, – деп



аккаунттардан бас тартқан. Сондай-ақ, қаржылық мониторинг агенттігінің ресми өкілі Өлібек Әбділов агенттіктің аумақтық бөлімшелері республиканың орта білім беру мекемелері мен жоғары оқу орындарында «Қаржылық қауіпсіздік» сабағын өткізу бойынша жұмысты жүзеге асырған болатын.

Қаржы пирамидасының қиянатты: күйреу мен күйзелу

америкалық Бернард Мэддофф бастаған пирамида бойынша 3 миллион адам зардап шегіп, 50 миллиард доллар желге ұшқан. Елімізде де жұрттың қалтасын жұқартуды

тістегеннің аузында кетіп жатыр. «Шығыс шықпай, кіріс кірмейді» деген ұрымтал ұранды оң жамбасына салып, адамды оңай арбайды. Ал «тұрмысты қайтсем түзетемін?» деп бас қатырып жүргендер несие алып, қаржысын құя салады. Кейін істің кері кеткенін түсінгенде, имандай иланғанының ит терісін басына қаптап, арыз жазуға көшеді. Өңірде алаяқтың арбауына түскендер аз емес. Мәселен, маусым айында облыстық экономикалық тергеп-тексеру департаменті қаржы пирамидасын құрған 2 ұйымды анықтады. – Алаяқтықпен айналысқан екі ұйым құрықталды. Оның бірі – «Chia Tai Pharmaceutical» компаниясы азаматтарды медициналық өнімдерге салымшы ретінде шақырған. Ал «Qnet» компаниясы қаржы пирамидасын еркін жүргізген. Бұл азаматтардың үстінен қылмыстық іс қозғалып, қамауға алынды. Осы ұйымдарға тіркелген тұрғындар болса тиісті құқық қорғау органдарына хабарласуын сұраймыз. Біздің Департамент мамандары қаржылық алаяқтыққа қатысты қылмыстардың алдын алу мақсатында облыс тұрғындарына түсіндірме жұмыстарын үзбей жүргізіп келеді. Тағы бір айта кететін жайт, пәтер немесе жер алып беруге уәде етіп, қомақты қаржы алатындар да көбеюде. Бұл ретте облыс тұрғындарына айтарымыз, белгілі бір ұйымға қаржы аудармас бұрын

атап көрсетті Е. Қасқырбайұлы. Президент пәрмені: мониторинг мәселені қалай шешпек? Бұл мәселе майшаммен қарарлық жағдайға жетті. Шығынға батқанның шағымы, белшеден асқан былық, үдеп бара жатқан қылмыс, ауаға кеткен қаншама қаржының есебін айтсаңызшы... Мұның бәрі көптің қалтасын қағып, экономикалық дағдарысқа жол ашуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұны назар мен бақылауға алуды қатаң талап еткен еді. Яғни, «қаржы пирамидасының өмірлік циклін қысқарту және олардың салымшыларын барынша азайту» бойынша жұмыстар атқарылған. «Енді біздің міндетіміз – құқық қорғау органдарында бұрын қолданылғандай, жәбірленушілерден мәлімдеме күтпей, «жалған қаржылық» компанияларды олардың жұмыс істеуінің ерте сатысында анықтауды қамтамасыз ету. Қарсы іс-қимылдың ерте профилактикасын көздейтін тиімді іс-шаралар кешені әзірленді, жасанды интеллект енгізілуде. Сонымен іт-құралдарды пайдалана отырып, интернет-кеңістікте (жаңалық порталдары, блогтар, сайттар және әлеуметтік желі аккаунттары) құқыққа қайшы мазмұнды іздеу жүзеге асырылады. Қаржы пирамидаларының белгілері бар материалдар «Кибернадзор» жүйесінде бұғаттау үшін АҚДМ-ға жіберіледі. Құрылған алгоритм 2022 жылы қаржы пирамидалары белгілері бар 6,5 мың сайт пен аккаунтты бұғаттауға мүмкіндік берді», – деді Қаржылық мониторинг агенттігі басқарма басшысының орынбасары Андрей Давыдов. Қысқасы, жүргізілген жұмыс барысында 39 мың азаматқа ескерту хабарламалары жіберіліп, 90%-ы (38 мың) күдікті

Қаржылық сауатыңыз қай деңгейде? «Қаржылық сауаттылық» сөз болса ата-тоңын ала қашатындар бар. Әлбетте, бұл қаржыны қолда қысып ұстап, сараңдыққа салыну емес. Керісінше ақшаны орынды жұмсап, есебін білу. Қаржыны игере алмағандықтан табысын әп-сәтте желге ұшырып жібереді. Сөйтіп, шығысынан шығыны артып, кірісінен қарызы көбейіп дел-сал күйге түседі. Сондықтан экономист Мақсат Халық қаржы пирамидасының құрығына ілікпеу үшін қаржылық сауаттылықтың маңызды екенін алға тартты. – Қаржылық сауаттылық өте көп шығынға әкеледі. Отбасын ажырасуына, әлеуметтік шиеленіске алып келеді. Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауына, ел дамуының кері кетуіне себеп. Сондықтан әрбір азаматтың қаржылай сауатты болуы – бүгінгі күннің негізгі талабы. Оның үстіне қазіргі таңда қаржылық алаяқтар да көбейген. Олардың әдістері де заманға сай өзгеріп келеді. Хакерлік шабуылдар, қаржылық пирамидалар бар. Оның барлығы қоғамның шынайы бейнесіне айналды, – деді сарапшы. Түйіндей келе, сортаң жерге шөп шықпайтынын қаперден шығармаған жөн. Қаржылық пирамиданың түр-түрлі тұзағына түсу тақырға отырғызады. Ақшаны жіберіп, жер сипап қалудан сақ болған дұрыс, сірә?!



Замира ҚОНЫСЖАН

ЖАҢА МИНИСТРЛІК

Орта Азиядағы су тапшылығы 2050 жылға қарай өңірдегі жалпы ішкі өнімді 11 пайызға төмендетуі мүмкін. Қазақстан да «суға мұқтаж» елдердің санатына кіру ықтималдығы жоғары. Қазір елімізде 600 мыңнан астам адам таза ауыз суға зәур. Бұл ауылдағы ағайын үшін ғана емес, қалалықтар үшін де өзекті мәселе болып отыр. Ірі мегаполистердің инфрақұрылымы жылдан-жылға сұранысқа жауап бере алмай келеді. Оған қоса құрғақшылық, трансшекаралық су көздеріне тәуелді екеніміз тағы бар. Осыған байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында мәселеге ерекше назар аударып, Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылатынын айтты. Президент Жолдауында шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптама мен болжам керектігін, ол әр жылы және орта мерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын қамту қажеттігін жеткізді. Сондай-ақ су ресурстарын тиімсіз пайдалануға және гидротехникалық нысандардың әбден тозуына қатысты мәселелерді шешу үшін жаңа Су кодексінің уақытылы қабылдау қажеттігін назарға салды. – Жыл өткен сайын халық саны да, экономика да өседі. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Жалпы, біз – трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршаға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері

экономикамызды жақындастырады. Сондықтан көршілес елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек. Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық суларды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Жолдауда жарияланған реформа, берілген тапсырмалардың орындалуы басты назарда, су шаруашылығы проблемаларын шешу жөніндегі жұмыс та жалғасуда. Алдағы уақытта трансшекаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыс күшейеді. Президенттің 15 қолданыстағы және жаңа 20 су қоймасын салу, кемінде 3 500 шақырым каналды жаңғырту және цифрландыру туралы тапсырмасын орындау мақсатында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасы қолға алынды. Оның шеңберінде 16 жаңа су қоймасы қайта жаңарып, 9 жаңа су қоймасы салынбақ, 212 суару каналы жөнделіп, цифрландырылады. Тиісінше, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттың қолданыстағы жоспарын қайта қарау күн тәртібінде. Су кодексінің жобасында «ауыз сумен жабдықтау туралы», «суару және дренаж туралы» және «бөгеттердің қауіпсіздігі туралы» бөлімдерді құру арқылы коммуналдық-тұрмыстық сумен жабдықтауда және суармалы егіншілікте суды пайдалану жөніндегі нормаларды күшейту өзекті болып отыр. Жаңа министрлік еліміздегі ескірген немесе жұмыс істемей тұрған су қоймаларын қалпына келтіру, суды тиімді

НЕ ШЕШЕДІ?

кадр мәселесін шешу керек, екіншіден, мықты сушылардың қатысуымен жеделдетіп Су Кодексі қабылдау керек екенін еске салды. – Осы уақытқа дейін министрлікте қазақ суының мүддесін қорғайтын кадрлар қалыптаспады. Трансшекаралық сулардың бөлінісінде Қазақстан әлі ұтылып келеді. Мәселен, Су Кодексіне трансшекаралық сулардың құқықтық аспектілері мен мүдде ескерілмеген. Кодексте тек ішкі суларды пайдалануға, ауыл шаруашылығына қажетті суды реттеуге маңыз берілген. Осы жылдар ішінде ішкі су жолдарын аршуға, тазалауға, жөндеуге триллиондаған қаражат жұмсалды. Бірақ ештеңе өзгерген жоқ. Сол 50-60 жылғы тозған гидроқондырғылар. Әлі де су тораптарында қолмен іске қосылатын механизм сақалы сапсып тұр. Озық елдерде бәрі цифрланған. Бүкіл ел бойынша көрініс осындай. Қазақстанда Суды пайдалану, реттеу, сақтау саясаты болмағандықтан, трансшекаралық суларды пайдалануда есеміз кетті. Судың бастауындағы көршілер қазақпен есептесуді жөн көрмейді, мәмілесуде өктемдік танытатыны да шындық. Ендігі жерде Су Кодексі қабылдауға қазақ суының бүгінгі атасы Нариман Қыпшақбаевтан бастап мықты су мамандарын қатыстыру қажет, – деп

жазды ол фейсбук парақшасында. Гидрогеолог Ерғали Әуелхан да министрлік нақты бір бағытта жұмыс істесе, аграрлық сектордың, ауыл шаруашылығының, өндірістік саланың дамуында қарқын үдейді деген пікірде. Бұдан бөлек, Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті Экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры, биология ғылымдарының кандидаты Гүлмира Сатыбалдиева су мәселесін шешу үшін кешенді басқару жүйесін құрып, тұтынушылардың жауапкершілігін арттыру қажет деп біледі. – Су бірден шешіле салатын мәселе емес. Ол үшін кешенді басқару жүйесін құрып, шаруашылықтар мен кәсіпорындардың дамыған елдерде қолданылатын су үнемдейтін технологияларды кеңінен пайдалануды талап ету керек. Су ресурстарын барынша тиімді пайдалану және ластанудан қорғау арқылы үнемдей аламыз. Одан бөлек су саласында маман дайындауды күшейту маңызды. Жоғары оқу орындарында экологиялық білім мен тәрбие қалыптастыруға ықпал ететін арнайы пән енгізу қажет, – дейді Гүлмира Сатыбалдиева. Өзірге су саласындағы қордаланған осы және өзге де мәселелер жаңа министрге артылып отыр. Ал жаңа ведомство жұмысты қалай иіріп өкетініне уақыт таразы...

А.СНАДИН





«Қазақстанда

IT бағдарламаларға деген қажеттілік жыл санап қарқынды өсуде және бұл әлемдік үрдістерді көрсеткіші. Цифрлық экономикаға қарай белсенді дамып келе жатқан елімізде цифрлық технологияларды енгізу үшін бизнес пен мемлекеттік ұйымдарға білікті IT мамандары қазіргі таңда ауадай қажет екені сөзсіз. Президент осы жылғы қыркүйектегі жолдауында «Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру» деп нақты айтып өткен болатын. Сонымен қатар еліміздің былтырғы көрсеткіші бойынша IT саласындағы экспорттымыз бес есе өскен. Енді оны әрі қарай дамыту үшін жұмыстар жүргізілетін болады», – дейді М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжі директорының Ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Фархад Абжаппаров.

Бизнес, банк ісі, медицина, өндіріс және мемлекеттік қызметтер сияқты әртүрлі салаларда автоматтандыру жұмыстарында сапалы өнім жасауда білікті IT мамандардың қызметі маңызды. Өздеріңізге белгілі, еліміздегі egov.kz «Электронның үкімет» порталы қызметі көптеген сала қызметінің жұмыс сапасын арттырып, халықтың цифрлық сауаттылығының дамуына үлкен септігін тигізуде. Бұл ретте Фархад Оразалыұлы өзі жұмыс істейтін оқу орнындағы атқарылып жатқан шаруаларды да тілге тиек етті.

«Қазір колледжде IT саласы бойынша бірнеше мамандықтарда (Информатика мұғалімі, Ақпараттық қауіпсіздік техникі біліктіліктері) 200-ден астам студент білім алууда. Өткен жылы колледж директоры Жақсыгүл Қоқанқызының қолдауымен IT мамандығында оқитын және осы салаға қызығушылығы бар басқа мамандық студенттерінің жаңа идеяларын дамыту мақсатында «Man-shuk IT HUB» орталығы іске қосылған болатын. Орталық 9 бағыт бойынша жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда басқа мамандық студенттері де робототехника, СММ, Business StartUp, Marketing, мобилография, Design (Компьютерлік дизайн) бағыттары бойынша қабілеті мен шығармашылықтарын арттырып, өздерінің мамандықтарында пайдалануда. Робототехника саласында студенттеріміз облыстық сайыстарға қатысып жүлделі орындар алууда. Бұл сала бойынша да жұмыстар жалғасуда. Арнайы шеберханамызда бейне-фото түсірілім жасау, дизайн жұмыстары, VR/AR жобалар, қажетті 3D өлшемдерді жасау және ол жобаларды 3D принтерлермен шығару, сату жұмыстары «Manshuk Service & market» ақылы қызмет көрсету орталығы арқылы жүргізу қолға алынуда. Сонымен қатар биылдан бастап Astana Hub – (Орталық Азиядағы IT-стартаптардың ірі халықаралық технопаркі) орталығының Tech Orga – (IT саласындағы адами капиталды дамытуға бағытталған бағдарлама) бағдарламасы аясында 18 жасқа толған 50-ге жуық студентіміз білім алуға мүмкіндік алып отыр. Бұл да сала бойынша білікті кадрларды

Ғаламның күн сайын құбылып жатқаны тайға таңба басқандай көрініп-ақ тұр. Десек те, осы жаңа технология үдерісіне біздің шамамыз қандай? Таяуда сала министрі Мусиннің өзі халық алдында қысыңға келмейтін дерек пен дәйек пен күлкіге айналды. Елордадағы министрдің міні осындай болса, аймақтағы жағдайды ойлаудың өзі қорқынышты. IT технологияның игілігін толық көруді былай қойғанда, қарапайым ғаламтордың өзі шалғай ауылдарда «шашты ағартатын» деңгейде. Облыс орталығынан таяқ тастам жердегі ауылдардың өзі «Қазақтелекомның» азабын тартуда. Сапасыз қызмет үшін ақы төлеп отыр. Десек те, өңірдегі мекемелер мен оқу орнындағы мамандар шама-шарқынша даму даңғылынан алыстамауға тырысып бағуда.

дайындауда өз септігін тигізеді деген ойдамын. Оқытушыларымыз соңғы технологиялық үрдістер мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, оқыту бағдарламаларына өзгеріс жасау арқылы сапалы білім беруде. Бұл шаралар студенттердің IT дағдыларын дамыту үшін ынталандырушы орта құруға және оларды IT-индустриядағы заманауи қиындықтар мен мүмкіндіктерге дайындауға, нарықта сұранысқа сай маман болып қалыптасуына көмектеседі деген сенімдемін, – дейді Ф.Абжаппаров.

Өйтсе де, бұл тек осы білім ошағында атқарылып жатқан ауқымды істердің бірі ғана. «Талаптының балғасы тасқа шеге қағады» деген бар. Оқу орындарының ішінде өз міндетін толық атқара алмай отырған министрлікке қарамай, өздерінің мүмкіндіктерін қалт жібермей жатқандар жетерлік. Атақты академик Асқар Жұмаділдаев «Әлемде екі түрлі мемлекет болады. Бірі – жетекші, бірі – жетектегі» деген еді. Аталған салаға келгенде жетектегі елдердің қатарында екеніміз көзге ұрып тұр. Десек те, Фархад Оразалыұлы еліміздегі IT саланың дамуына өз ойын білдірді.

«Қазақстан өзінің IT-технологияларын белсенді

дайындауға көмектесетін цифрлық технологияларды оқу үдерісіне белсенді түрде енгізуде. Жоғары жылдамдықты интернет қосылымдарын және бұлттық қызметтерді дамыту заманауи AT технологияларына қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін маңызды. Сонымен инкубаторлар мен акселераторлар арқылы стартап-компаниялар мен инновациялық жобаларды қолдайды. Бұл жаңа технологиялардың дамуына және еліміздің инвесторлар үшін тартымды болуына ықпал етеді», – дейді кәсіби маман.

Таяуда қоғамда осы салаға, дәлірек айтқанда жоғары жылдамдықты интернетке байланысты үлкен оқиға болды. Әрине, бұл – тарихи оқиға деуге болар. Техникасы дамып, әлемді мойындатқан Жапонияны басып озыппыз. Бәлкім, бұл қысыңға келер, келмес. Бірақ қоғамда осы тақырып едәуір белсенді қозғалды. Бұл ретте маман мынадай ой айтты.

«Елдегі IT-технологиялардың даму деңгейі әртүрлі жағдайларға байланысты. IT секторы интернетке қолжетімділік, құрал-жабдықтың сапасы, мамандардың біліктілігі мен құзыреттілік деңгейі, инфрақұрылым және басқа да көптеген жағдайларды қамтитынын түсіну керек. Инфрақұрылым демекші, желілер мен жабдықтар маңызды рөл атқарады.

Егер қағаз жүзінде жоғары көрсеткіштер болса, шын мәнінде желілер тұрақты



болады деген сөз. Міне, әлеуметтік желідегі ұялы байланыс операторларының интернет тарифтерінің өсуіне байланысты да шағымдардың көбейгені осы жағдайға тікелей байланысты. Бірақ аталған мәселелердің алдын алу үшін жоспарлы түрде жұмыс жүргізген маңызды деп санаймын. Қазақстандағы IT-технологияның даму деңгейін басқа елдермен салыстыруға байланысты, мысалы, Жапониямен салыстыру әртүрлі факторларды ескере отырып жүргізілуі мүмкін. Бірақ ер елдің өзіндік ерекшеліктері мен басымдықтары бар екенін есте ұстаған жөн. Сонымен, жаһандық IT сектордағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін инфрақұрылымды, мамандардың біліктілігін арттыру және инновацияларды ынталандыру бойынша жұмысты күшейту маңызды», – дейді Ф.Оразалыұлы.

Бір ғана мысалды алайық. Облыс орталығынан небәрі 35-40 шақырымда жатқан Қоғалыкөл елді мекені бар. Бұл аймаққа интернет желісін «Қазақтелеком» АҚ мекемесі таратып отыр. Айтқанымен, елді мекенде бірнеше жылдан бері осы мәселе көтеріліп келеді. Бірақ, шешімін табар емес. Ал қағаз жүзінде бәрі керемет болуы мүмкін. Шынайы істе қалай екені мамандарға белгілі.

«Расында да, қағаз жүзінде тамаша жоспар жасауға болады. IT секторының дамуы инклюзивті және орналасқан жеріне қарамастан бүкіл халыққа пайдалы болуы керек. Жоғарыда атап өткендей, инфрақұрылым мен IT мамандардың біліктілігін арттыру аса маңызды. Не үшін IT саласына мамандар тұрақтамайды? IT саласын дамыту неге қиын? Осы сұрақтарға жауап іздеп көрсек. Бұрынғыдай «Программистің ғой барлығын білесің, сен жасай салсай» деген ойдан толықтай арылу керек. Технология дамуы соны қажет етеді. Білім беру мекемелеріндегі программист жалақысы – 70 мың мен 120 мың теңгенің арасы, техникалық құрал-жабдықтар бойынша мамандардың жалақысы 100 мың теңгеден аспайды. Соңғы 5-10 жылда IT мамандардың жалақысында ешқандай өсу болған жоқ. Әлеуметтік портфолио мен жалақының жоғары болуы бұл саланың даму көрсеткішіне тікелей әсер етіп отыр. Білікті мамандардың басым көпшілігі шетелдік компаниялар мен шет елге асып кетіп жатқаны да осыған дәлел. Егерде елде саланың дамығанын қаласақ, өзекті мәселелерге назар аудару керек», – дейді Ф.Абжаппаров.

P.S. Әлемді тетікпен басқарып отырған мемлекеттер жетерлік. Бұйыртып, білікті мамандар бас көтеріп, ел игілігіне еңбек етер болса, Қазақстан да сол қатардан болары даусыз.

Дәулет ҚЫРДАН

IT ТЕХНОЛОГИЯ: БІЗДІҢ ДЕҢГЕЙІМІЗ ҚАНДАЙ?

түрде дамытып, әлемдік трендтерде бір қадам алда болуға ұмтылуда. Көптеген елдер, соның ішінде Қазақстан да жасанды интеллектті дамытуға және енгізуге белсенді түрде инвестиция салуда. Қазақстан ЖИ саласындағы зерттеулер мен әзірлемелерді ілгерілетуде және өзінің интеллектуалды экожүйесін құру бойынша жұмыс жасауда. Президент тапсырмасында да бұл бағыттар басты назарда және еліміздегі ЖОО осы салалар бойынша маман даярлауды жүйелей бермек. Технология мен бағдарламалардың даму барысында кибершабуылдар күшейетіні белгілі. Осы орайда Қазақстан киберқауіпсіздік мәселелеріне үлкен көңіл бөлуде. Білім беру мекемелері болашақ мамандарды

болмаса, бұл қоғамдық резонанс тудыратыны анық. Шынын айту керек, елімізде интернеттен бөлек ұялы байланыс қызметтері таңды жасамайтын өңірлер бар. Алайда ол өңірлерге инфрақұрылымды тарту үшін бюджеттен қыруар қаржы керек. Үкімет тарапынан кейбір өңірлерге жасанды жер серігі (спутник) арқылы байланыс жүйелерін орнату жұмыстары жүргізілуде. Ал байланыс операторларының қазіргі таңда оған қауқары жеткіліксіз деп ойлаймын. Себебі, қазір қарапайым моноқалалар мен аудандардағы тұрғындар санының күрт өсуі де интернет сапасына үлкен әсер етуде. Мысалы, қаладағы Астана мөлтек ауданына 5-10000 байланыс құрылғысына шақталған құрылғылар орналастырылған болуы мүмкін, алайда ол жақта 20

000 тұтынушы бар. Ол – жүктемеден байланыс пен интернет сапасы төмен



Жас өреннің өркеніет биігіне өрлеуі үшін сапалы білім керекі айдан анық. Бұл мақсатта том-том кітапта толған теорияның емес, тақырыпқа сай тәжірибе жүргізу мен практиканың да маңызы зор. Әлбетте, мұндайда мектептің заман талабына сай жабдықталғаны ләзім. Оқушының ынтасы мен ықпалын білімге бұру үшін қабілетін танып, зейінін зерделеген дұрыс. Сайып келгенде, кіл талантты мен дарындының кіндік қаны ауылда тамады. Демек шалғай орналасқан аудан мен ауыл мектебіне тиісті деңгейде көңіл бөлу толымды істің айғағы. Осы ретте Жаңақорған жағымды жаңалығымен қуантты. Жабдықталған тірек мектебіне ата-ана мен оқушы да дән риза. Біз де қуанышты күннің куәгері болып қайттық.

Аудандағы №286 мектеп Білім беру саласын тұрақты дамыту қоры, Назарбаев зияткерлік мектептері мен «Қазақстан халқына» қоры қолдауымен 26 жаңа негізгі пәндік және 10 қосымша білім беруге арналған кабинетімен жаңартылды. Бұл нағыз мүмкіндік мекені іспетті. Баланың бейіміне қарай түрлі техника орнатылған. Яғни, STEM-лабораториялар, робототехника мен арнайы арт-студия, киностудия да бар. Ал, қолға түсе бермейтін кітаптар мен жаза мазмұндағы шетел аудармалары жайлы әңгіме бөлек.

Жалпы мектепте 535 оқушы білім алуға. Сондай-ақ, 42 педагог бар. Әрбір мұғалім біліктілік санатынан өткен. Бала жанының бағбанына айналған ұстаздар қауымы да тың тәсілмен сабақ беруде. Физика және химия пәніндегі эксперименттік жұмыстар соған дәлел. Оқушының шеберлігін шыңдап, ой-ақылды нығайта түсетін тиімді тетік деуге әбден болады. Өсте, оқушының қағиданы қаперде сақтап, ережені ескеруі екіталай. Сондықтан тақырыпты түйсіну үшін теорияны практикамен ұштастыру пайдалы.


– Физика пәнінің кабинетіне жабдықтарды тапсырыс беруге қатысты. Енді мектеп бағдарламасына енген барлық тәжірибелерді жасауға мүмкіндігіміз бар. Мәселен, Roqed панельдер мен Эйнштейн лабораториясымен математикалық маятник тербелісі мен формуласын іс-жүзінде көрсете аламыз. Бұл – бір ғана мысал. Яғни, балаларға түсіндіруіміз де жеңілдеді, оқушылар да жылдам қағып алады, – дейді Ақмарал Садырқызы.

Кейде миды тынықтырып, сананы серпілтудің де оң әсері бар. Өйткені оқуға деген құлшыныс төмендеп, зер салуда зерігу пайда болуы бек мүмкін. Осы орайда шығармашылыққа көп көңіл бөлінгендігі қуантты. Яғни қолөнер, сурет, музыка шығармашылығымен еркін айналысуға мүмкіндік те



маңызды. Бүгінде сабақ берудің жоспары мен тәсілі түрліше қалыптасқан. Заман ағымына сай бәрін игеру үшін оқуға барып, білімін жетілдіру артық етпейді. Мұндайда «мұғалім үздіксіз ізденіп, жетіліп отырғанда ғана мұғалім» деген қанатты сөз қапысыз ойға оралады. Аталмыш қор да мұғалімнің жаңа бағдарламамен оқуын бірінші орынға қойған. Бұл жөнінде Білім беру саласын тұрақты дамыту қорының жетекшісі Данияр Тоқтарбаев баяндады.

– Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту – білім сапасын арттырып, қала мен ауыл мектебінің



қарастырылған. Үйірмеден үйренері көп оқушылар өз әлемінде жүргендей сезілді. Аса тиянақты салынған бейне, жасалған құмыра, аспаптармен ойналған орындау соны аңғартты.

– Қыш құмыра жасағанды ұнататыным рас. Ауданда құмыра жасайтын орталық болмаған соң, қалаға барғым келіп жүрген. Мектебімізде осындай жағдай жасалып, құмыраға арналған құрылғы келгеніне қуаныштымын. Бүгінде үш құмыра жасап үлгердім. Негізі мұғалім мамандығын таңдаймын. Бірақ қыш құмыраны екінші кәсіп ретінде қатар алып жүру ойымда бар, – деді 11-сынып оқушысы Жібек Келдіғұлова.

– Мектеп жанынан құрылған «Балбырауын» домбыра үйірмесінің жұмысы жандануда. Өскекең ұрпақтың өнерін қолдап, үйірме ісіне өң берген мектеп басшылығының үлесі зор. Бүгінде үйірмеде 10-15 жас аралығындағы балалар қатысуда. Сондай-ақ, жоба аясында үйірме 12 домбыра аспабымен қамтамасыз етілді. Балаларға «Балбырауын», «Халық», «Тепеңкөк», «Келіншек» күйі үйретілді. Бұл көрсетілген қолдаудың нәтижесі деп білемін, – деді үйірме жетекшісі Гүлжан Шерубаева.

Сонымен, мектептің материалдық-техникалық базасын жаңартуға қолдау көрсеткен «Қазақстан халқына» қоры. Кемел келешектің келілі мен кілті білімде болғандықтан игі істердің басы-қасында жүр.

– «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы білім беру кеңестігі мен үдерісіне жаңа әдістерді әкеліп, ауыл баласының жоғары деңгейде білім алып, біліктілігін қалыптастыруға бағытталған. Былтыр Аралдағы мектепті жаңарттық. Жаңақорған – Қызылорда облысындағы екінші тұрағымыз. Жосалы ауылында да жақын арада толыққанды тірек мектебі пайда болады», – деді Лаззат Шыңғысбаева.

Сайып келгенде, балаға білім беретін мұғалімнің де білікті болуы

алшақтығын азайтуға негіз. 2019 жылы жобаға Ақмола және Шығыс Қазақстан облысынан 5 мектеп алынды. Жұмыс барысында оң өзгеріс барын, мектеп жақсы нәтиже көрсетіп жатқанын түсіндік. Үш жылдың ішінде мектептердегі оқу сапасы жалпы алғанда 10-12 пайызға артты. Сөйтіп «Қазақстан Халқына» қорымен бірлесіп, мұны жалпыұлттық жобаға айналдырдық. Серіктестеріміздің қолдауымен әр мектепке шамамен 250 млн теңге қаржы бөлінуде. Бұл қаражатқа мектептің материалдық-техникалық базасы жаңартылады. АITAS холдингі жобаның операциялық, мұғалімдерді оқытуға кеткен, тренерлердің жолға кететін шығынын өтейді. «Назарбаев Зияткерлік Мектептері» мұғалімдерді оқытып, қайта даярлауда қолдау білдіреді, – деді ол.

Демек, жоба аясында арнайы курстар өткізілмек. Жаңақорған мектебі алдағы 3 жыл көлемінде Назарбаев зияткерлік мектептерімен тығыз жұмыс жасайды. НЗМ педагогикалық шеберлік орталығы ауыл ұстаздарына арнап арнайы оқыту бағдарламасын өткізеді. Сондай-ақ, жыл сайын мектепте білім деңгейінің мониторинг жүргізілмек.

Иә, бәсекенің болуы жазылмаған заңдылық. Ойлы оқушылардың да бір-бірінен қалыс қалмай, бәлім бәйгесінде оң нәтижеге қол жеткізуі сөзімізге дәлел. Сондықтан қала мен ауыл мектебі арасында айырма болмай, дамуы тең дәрежеде болуы тиімді.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ



ШЫНШЫЛДЫҚТАН АЙНЫМАҒАН ДҰРЫС

Қыстау іргесінен жайылып аққан өзен мен қоғалы көл бойында ақ отау тігіп, бір ауыл тұратынбыз. Тораңғыл мен жыңғыл, қарақұмның дүзгені мен биік сексеуілі жайқалған табиғат жанға жағымды әсер сыйлайтын.

Жыл сайын жазғы демалыс кезінде қаладан Есенгелді досым келетін. Үшінші сыныпты аяқтаған кез еді. Барлық ауыл балалары онымен бірге егін бағына барып, қауын-қарбызға тойып, одан соң биік құм төбелерге шығып, жан-жақты таң тамаша қылатынбыз. Бізде көлдер саяз болатын. Бәріміз көлге

шомылып болған соң Есенгелдінің туысының үйіне бардық.

Қаладан келген Асқар ағаның қолын алып, сәлемдестік. Сонда Есенгелді әкесіне «сырттай түлкі көрдік» деді. Асқар аға болса, балам далада түлкі көріпті деп мәз болды. Бірақ досым мақтана алдағанда көңілім құлазды. Досымның көңілі

үшін пікірін қолдадым. Үйге келіп өзім де анама түлкі көргенімізді қалай айтқанымызды білмей де қалдым. Ол кезде бала едік, алайда сол оқиға әлі де ойымда қалыпты.

Басқасын басқа, баланың өтірік айтқаны дұрыс емес деген ойдамын. Қазаққа «Не сөйлейтіңді, қайда сөйлейтіңді, не деп сөйлейтіңді біл» деген сөз де бар емес пе? Бір ауыз өтірік сөз тұтас өмірді ойран етуі мүмкін. Өтірік жарасы жазылғанмен оның ізі мәңгілікке қалатынын ұмытпау керек. Сондықтан шылдықтан айнымаған дұрыс.

Бекназар ӘБСАДЫҚОВ

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ МАМАН ДАЯРЛАУДА



Қызылорда облысында 10 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы ауыл шаруашылығы мамандарын 8 мамандық және 12 біліктілік бойынша даярлауда. Бүгінгі таңда аталған сала бойынша өңірде 2 мыңға жуық студент білім алуда, оның ішінде 1 875 студент мемлекеттік тапсырыспен оқиды.

Аймақта техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ауыл шаруашылығы мамандықтары бойынша жыл сайын 200-ге дейін маман даярланады. Оның ішінде 150-ден астамы жұмысқа орналасады.

Айтпақшы, колледж студенттері оқу кезінде кәсіпорын базасында кәсіби тәжірибеден өтеді, оның ішінде ақысы төленетіні де бар. Сондай-ақ, бүгінде 200-ден астам педагог кәсіпорындарда тағылымдамадан өтті. Қазіргі таңда 26 кәсіпорын 10 ауыл шаруашылығы колледжіне шефтік қамқорлық етуде.

ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕГІ ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮЙЕЛІ



Шартты түрде бас бостандығынан айырылғандарды әлеуметтік бейімдеу, құқықтық, психологиялық, медициналық көмек көрсету олардың бос уақытын тиімді пайдаланып, өмірге қайта бейімделуіне сеп. Бұл орайда облыстық «Жастар ресурстық орталығы» қалалық пробация қызметімен бірлескен іс-жоспар арқылы аталған топтағы жастардың қатысуымен спорттық сайыс ұйымдастырды.

Шарада мемлекет тарапынан жастарға ұсынылған мүмкіндіктер тарқатылып, мамандар тарапынан кеңес берілді. Қызығушылық білдірген жастар топ топқа жіктеліп, үстел теннисінен бақ сынасса, келесі топ киберспорт ойынынан командалық сайысқа түсті.

Тартысқа толы бәсекеде белсенділік танытып, жеңіске жеткен жеңімпаздарға арнайы алғыс хаттар табысталды. Бұл бағыттағы шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып, жалғасын табатын болады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МҮМКІНДІГІ



Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау, мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауды тарқату мақсатында кездесу өткізді.

Шара 600-ге жуық жастың қатысуымен «Мансап» орталығы, ҰЕҰ-н ресурстық орталығы, Қорқыт ата және Болашақ университеттері, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғарғы колледжінде, Құрылыс және бизнес колледжінде, сонымен қатар «Достық үйінде» өтіп, Жалағаш, Сырдария аудандарында жалғасты.

Жастарға арналған мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіруге «Алматы студенттер Альянсы» корпоративтік қорының өкілдері Қаһар Бақытжан мен Дина Әбдіхан атсалысты. Білім-ғылым, жұмыспен қамту, кәсіпкерлік, «Дарын» мемлекеттік сыйлығы, Президенттік жастар кадр резерві бастамалары аясында толық мағлұматтар берілді.

«Ғалия!» деп айқайлай шыққан өз даусынан Ғайша шошып оянды. Біссімилләсін айтып, ел әлдеқашан өлдіге жорыған қызына Алладан амандық сұрап, оң қырына аунап жатты. Иә, ана жүрегі баласын өлдіге еш қимайды. Қашанғы әдетімен Ғалия жоғалғаннан бергі уақытты тағы бір шолып шықты. Содан беріде 23 жыл өткен екен. Соңғы жылдары түсіне мүлде кірмейтін болып еді. Бүгін жақыннан көргендей. Бірақ бері қарамады. Көзін төмен салып ештеңені естімегендей тұрды. Әлде «дауысым шықпай жатыр ма?» деп барынша айқайлап еді өзі оянып кетті. Оянганына өкінді. Бірақ түсінде болса да қызын көргені үшін Ғайша бақытты еді...

Үлкен қызы ауылдағы мектепті бітіріп, қалаға оқуға кеткенде осылай боларын ойлап па еді?! 90-жылдардың аяғындағы тоқырауда бұлардың малына мал қосылып, жағдайы жақсара түсіп еді. Күйеуі бұрын совхозда білдей зоотехник, өзі есепші болған. Жұмыс табылмай тұрған тұста да 5 баласын «не ішем, не кием?» дегізбей өсірді. Тіпті қаладан бір бөлмелі пәтер алып қойды. Сондағы ойы балаларды оқыту, қатарынан қалдырмау еді.

Тұңғышы Ғалия ауылдағы 8 жылдықты озат аяқтады. Одан совхоз орталығындағы мектепті де үздік бітіріп, облыс орталығындағы техникумға түскен. Ғалияның қасына серік болу үшін 7-сыныпқа өткен Қуанышты қосып жіберіп, өздері жұмысын жасап, кіші балаларын бағып ауылда қалған. Арасында уақыт тауып Ғайша қалаға да барып тұрды. Ғалия оқитын техникумға талай бас сұғып, оқытушылардан қызының үлгерімі мен тәртібі жайлы сұрап жүрді. Ешкімнен қызыңыз нашар дегенді естімеді. Қайта оқытушылар Ғалияны жер-көкке сыйғызбай мақтайтын. Әдепті, тиянақты, шаруаға тастай дегендерін естігенде ана көңілі көтеріліп, төбесі көкке жеткендей болушы еді.

Ғалияның мінезі бірінші курстан кейін күрт өзгерді. Қысқы демалыста үйге үш-ақ күнге келген ол, жазғы демалыста мүлдем келмей қойды. Жұмыстан шыға алмағандықтан телефон соғып сөйлескен болатын. «Мама, мен жұмысқа тұрдым. Киімім мен тамағымды өзім тапсам деп талпынып жүрмін. Маған алаңдамаңыз. Жаздың соңына қарай бір аптаға барып қайтамын» деп самбырлай сөйлеп, ана көңіліндегі күдікті жуып-шайғандай болды. Қызының сырына қанық Ғайша «жаздың ортасында денсаулығымды қаратып келемін» деген желеумен қалаға жолға шықты.

Жексенбі болатын. Қалаға түске дейін жүріп өзер жетіп, пәтер есігін киімі әлем-жәлем бөтен қыз ашқанда шошып-ақ қалды. Үйден темекінің иісі мұңкіп тұр.

– Айналайын, сен кімсің? Ғалия қайда?

– Здраствуйте, апашка, я Соня. Галя на работе, скоро придет. Вы

заходите, не стойте там, – деген сөзден шошып оянгандай, артынып-тартынып үйге кірді.

Өзін Сонямын деп таныстырған қыз терезелерді ашып, үй жинастырып жүр. Аузы жабылмайды екен:

– Вы бы заранее сказали что приедете, мы бы сложа руки не сидели бы. Что то вкусное приготовили бы, да и убралась, – деп ыржың-ыржың етеді.

Бұлар өскен ауылда орыс жоқ болғандықтан Соняның айтқан сөзінің жарым-жартысын ғана түсінді.

– Айналайын, Соня, ты домой иди. Я устал. Дорога плохой. Ғалия қашан келеді?

– Уже скоро придет она. Давайте я вам чай поставлю, – деп бөйек бола қалған орыс қызына Ғайшаның кәдімгідей іші жылып қалды.

Мына үйде жалғыз қалуға қорыққан ол қызы келгенше Соняны құмай тұра тұруға бекінді. Екеуі отырып шай ішті. Ауылдан әкелген азық-түлікті орналастырып, қазанға бір асым ет салып қойды. Соня үйді айнадай етіп жинап, жуып шықты. Төргі бөлмеде диван мен төсек тұратын. Ғалия мен Қуаныштың төсегі. Шифоньердің бұрышындағы жиналып тұрған раскладушканы да бірден байқаған. Соняны бұл

қызыл гүлді халатпен ақ орамалды төгілте тартқанда, қызының сұлулығына сүйсініп, ұзақ қарап қалды. «Қыз бойжетті деген осы. Өне-міне құда-құдағи атанады екенбіз» деп іштей қиялдап, буы бұрқырап тұрған етті қазаннан түсіре бастады. Қамырын илеп жатып:

– Мына Соня дегенің кім? Қазақтан құрбы табылмады ма? Өзі темекі шегетін сияқты. Киімі де алқам-салқам. Тәртібі де нашар көрінеді, – деп сұрақты төтесінен қойды.

– Адамды сыртына қарап бағалауға болмас. Ол өте жақсы қыз. Бірге оқимыз. Соня жетімдер үйінен шыққан. Ата-анасы, бауырлары жоқ. Маған орысша үйренуге көмектесіп жүр. Өзі де қазақша үйреніп қалды. Жатақханада жөндеу жұмысы болғандықтан қасымда тұрып жатыр. Қуаныш ауылға қайтқалы мен де қорқып жүруші едім, енді жақсы болды, – деп құрбысының жақсы мінезін жіпке тізді.

Соняның жетім екенін естігеннен кейін-ақ Ғайша жібіп сала берді. Жетімге жәрдем көрсетіп жүрген Ғалияны құшақтап алып, бетінен сүйді. Соняны шақырып, үшеуі мәре-сәре отырып ет жеп, ішті.

Сол жолы Ғайша қалада бір аптадан аса жатты. Күнұзақ

– Танымаса, танытармын, – деп Ғайша да мәз болып еді.

– Бір айдан соң папамды да жіберіңіз. Қыс мезгіліне орай дұрыстап киініп кетсін. Кішкентайларға да базарлық беріп жіберемін.

– Айналайын, өз керек-жарақтарыңды түгендеңдер. Оқуды дұрыстап оқыңдар. Бізге алаңдамаңдар, – деп қос қызды құшақтап, қайта-қайта сүйіп қоштасқан еді.



Ортасынан ауған қазанның таңы. Тау баурайындағы шағын ауылдың тіршілігі енді басталып жатыр. Сарғайған дала, қызыл-сары жапырақ күз келгенін айқындап тұр. Жаппай болмаса да арагидік үйлерден түгін шығып көкке сіңуде. Мал өріске айдалып, оқушылар мектепке жиналып жатқан шақ. Ғайша күйеуіне таңғы асын беріп, жұмысқа шығарып салып оқушылардың тамағын реттеп жатқан. «Қаладан Қуаныш хабарласып жатыр, тез келсін» деп үш көше ары тұратын ауыл әкімі баласын жүгіртіп жіберіпті. Ғайша тұра жүгірді. Қос өкпесін қолына алып, әкімнен саулық сұраспастан телефон тұтқасына жабысты.

– Алло, Қуантай, тыныштық па? Алло?

– Мама, алло. Ғалия ауылда ма?

– Ғалия?! Жоқ ол келген жоқ. Сені жалғыз тастап кетпейді ғой, құлыным.

– Иә. Кешелі бері Ғалия үйге келген жоқ. Аяқ асты ауылға кетіп қалды ма деп ойладық.

– Қайда кетіп еді?

– Жұмысына кеткен. Мүмкін үлкен қалаға кеткен шығар?

– Әлде шетелге оқуға кетіп қалды ма? Мам?

– Қасыңда кім бар, балам?

– Соня әпке бар.

– Телефонды берші Соняға.

– Қазір. Мамам сенімен сөйлесем дейді.

– Соня, айналайын, Ғалия қайда?

– Сәлеметсіз бе, апай. Вчера после работы не вернулась. Не знаем где искать даже...

– Ойбай, не дейді. Я сейчас приеду. Қуаныштың қасында бол, Соня.

– Хорошо...

Телефонды қоя сала Ғайша қайтадан үйге ұшты. Киініп, түйініп жолға шықты. Ауылдағы балалардың үлкені Әлиханға «Ғалия ауырып қалыпты. Мен тез барып келемін» деп айтып

кетті. Қалаға жеткенше 5 сағатта басына неше түрлі ой келіп, мазасы қашты.

Қалаға келе сала Сонядан мән-жайды білмек болған. Екі көзі тас төбесіне шыққан қыз құрбысының ұшты-күйлі қайда кеткенін білмейтінін айтып ағынан жарылды. Жарты айдан бері екеуі екі бөлек кафеде істеп жүр екен. Біраздан бері Ғалияға ақ жигули мінген Талғат деген жігіттің келіп жүргенін және оның таяу жерде жұмыс істейтінін білетін

болып шықты. Ал, сегізінші сыныпқа өткен Қуаныштың ештеңе білмейтініне көзі анық жетті. Алдымен Соняның айтуы бойынша Ғалия жұмыс істеп жүрген кафеге барды. Ондағылар Ғалияның бір-ақ күн жұмыс істеп, сол күніне тиесілі еңбекақысын алып кеткенін айтты. «Қызды алып-қашып кеткен шығар» деген де ой сумаң ете қалды. Дегенмен, байыз тауып отыра алмаған ана Соняны ертіп алып Талғаттың жұмыс орнына келді. Зауыт алдында Талғаттың ақ жигулиі тұр. Көліктің артқы терезесінің алдында ақ орамал жатыр екен. Орамал Ғайшаның көзіне оттай басылды. «Алдында Ғалия таққан осы орамал еді ғой» деп ойлап үлгергенше Талғат та алдынан шықты.

– Ғалия келіп жүрген осы жігіт, зовут Талғат. А это наша мама. Она вчера с работы не вернулась. Может ты чтонибудь знаешь?, – деп Соня бастырмалата жөнелді.

Жасы 25-тер шамасындағы жігіт алғашқыда қатты қысылып қалды. Беті ду етіп шыға келді. Артынша алаңдап:

– Жоқ, мен Ғалияны соңғы рет өткен аптада көргем. Маған ештеңе айтпады. Біз аздап ренжісіп қалып ек. Мүмкін соған өкпелеп қалған шығар, – деді ойланпай-ақ.

– Амансың ба, балам? Не үшін ренжісіп едіңдер? Ғалия не үшін өкпеледі?, – деп енді Ғайша сұрақтың астына алды.

– Кездескенімізге аз уақыт болса да «маған тұрмысқа шықшы» деп сөз салдым.

Үйде 60-қа таяған анам бар. Соған жәрдем бересің деп едім. «Менің әлі орындалмаған арнамым көп. Шетелге барып оқимын. Жұмыс істеймін. Дәл қазір байға тиіп, бала туып отыратын жайым жоқ» деп үзілді-кесілді бас тартты. Содан өңгімеміз жараспай қалды.

– Көлігінде жатқан ақ орамал Ғалияныкі ғой? Ол мұнда қайдан жүр?, – деді ана байқұс күдігін жасыра алмай.

– Алдында Ғалияны анаммен таныстыруға апарғам, сол кезде басына тағып келіп еді. Қайтарда қалдырып кетіпті. Көрсем бере салмақ едім. Енді сіз алыңыз, – деп жігіт көлікте жатқан ақ орамалды Ғайшаның қолына ұстатты.

– Алдында Ғалияны анаммен таныстыруға апарғам, сол кезде басына тағып келіп еді. Қайтарда қалдырып кетіпті. Көрсем бере салмақ едім. Енді сіз алыңыз, – деп жігіт көлікте жатқан ақ орамалды Ғайшаның қолына ұстатты.

– Алдында Ғалияны анаммен таныстыруға апарғам, сол кезде басына тағып келіп еді. Қайтарда қалдырып кетіпті. Көрсем бере салмақ едім. Енді сіз алыңыз, – деп жігіт көлікте жатқан ақ орамалды Ғайшаның қолына ұстатты.

Данияр СЕЙСЕНБАЕВ

Басы. Жалғасы келесі санда

Үміт

үйде біраздан бері тұрып келе жатыр деп топшылады. Алайда, ауылға келген Қуаныш орыс қызы туралы ештеңе айтпап еді. Жә, мән-жайды Ғалия түсіндіріп берер деп ары қазбаламады.

Сағат 3-тер шамасында Ғалия да келді. Қызын көргенде шешесі шоқ басқандай секіріп түсті. Баяғы бұрымды қара шашы жоқ, Сонянікіндей шолтиған және сарыға боялған. Үстінде етегі тізеден бір қарыс жоғары тырысқан көйлек. Ауызда сағыз, көйлектің өңіріне көзәйнекті салбыратып тағып қойған. Қапелімде не дерін білмей анасы абдырап қалды. Ғалия да үндемей, кінәлі кейіпте көзін төмен салды. Осы бір үнсіздікті Соня бұзып, киім ілгіштен шляпасы мен жеңіл күртесін алып «Я сейчас» деп есіктен шыға берді.

– Айналайын-ау, Ғалиямысың? Түріңе не болған? Мына киімің не? Ауылдың адамдары көрсе, қай бетімді шымшиын? Мына түріңді әкең көрсе мені өлтіреді ғой, – деп сөзін аяқтамай жылап жіберді.

– Мам, жыламашы, мен Ғалиямын. Ал бұл – мода. Қазіргі заманның киім үлгісі осындай. Қашан келдің? Неге ескертпегенсіз? Кездесуге дайын болатын едік қой, – деп шешесін құшақтап, екі бетінен алма кезек сүйді.

Қызын сағынған ана да бар мейіріммен, махаббатымен айналып-толғанып жатыр. Студент қызының ажарлана түскенін енді байқады. Десе де қысқа сары шашы еш көңілге қонбады. Десе де Ғалия

ауруханаға қаралып, кешкісін қыздармен сықылықтай отырып сырласатын. Қыздардың армандарын тыңдап, арқасына қанат бітіретін. Ғалия техникумды бітірген соң шетелге барып оқимын деп еді. «Кейін елге келіп сот боламын. Қылмыскерге жаза кесіп, жала жабылғанды ақтап аламын» дейтін.

«Айналайын, арманыңа жет» деп батасын да беріп еді...

Қыздары қаладағы кафелердің бірінде даяшы боп жұмыс істейді. Ол кафеңі Ғайшаның өзі де барып көрді. Табыстары жаман емес екен.


Жандарын қинамай-ақ, бұлардың бір айлық жалақысын бір аптада табатын көрінеді. Ғайша келгелі Соня да темекісін шекпейтін болған.

Әлде жасырып шегеді. Ауылға қайтардан бір күн бұрын екі қыз Ғайшаны базарға жетелеп барып, бір тының да шығартпай, шыртық киіндіріп жіберді. Үйге келіп жаңа киімдерін айна алдында киіп тұрғанда қызы:

– Енді сізді папам танымай қалатын болды ғой, – деп сықылықтап күлді.



Тұңғыш әлем чемпионы




Ризабек Айтмұхан Белградта өтіп жатқан күрестен әлем чемпионатының финалында өзирбайжандық Осман Нурмогамедовты жеңіп, қазақтан шыққан тұңғыш әлем чемпионы атанды.

Кездесу соңына дейін ұтылып жатқан Ризабек санаулы секундтарда қарсыласына әдіс жасап, жеңіске жетті.

Айта кетейік, Ризабек Айтмұхан – биыл еліміздің ғана емес, әлемдік күрес мамандарының жоғары бағасын алған бозкілем шебері. Ол жылдың басында Алматыда өткен күрестен ҚР-ның VI жазғы Спартакиадасында чемпион атанды. Осыдан кейін көктемде Астанада өткен ересектер арасындағы Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болды. Сондай-ақ, Амман қаласында өткен жастар арасындағы әлем чемпионатында II орын алды.

Сонымен қатар, еркін күрестен егемендік жылдары қазақстандық балуандар әлем чемпионатында 16 жүлдеге қол жеткізген. Оның бесеуі – күміс, қалғаны қола алды. Ризабекке дейін дүниежүзі додасының финалында Нұрқожа Қайпанов күрескен (70 кг, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласы).

Ұлттық құрама Олимпиада лицензиясын иеленді



Туризм және спорт министрі Еркек Маржықпаев күрестен әлем чемпионатында Қазақстан құрамасы алғашқы медаль мен олимпиадалық лицензияға ие болғанын мәлімдеді.

Еркін күрес шебері Азамат Дәулетбеков 86 келіге дейінгі салмақта өнер көрсетіп, осы күндері Сербияда өтіп жатқан әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алған.

«Бахрейн өкіліне қарсы өткен «жұбаныш финалында» біздің спортшы өзінің шеберлігін ғана емес, мінезін де көрсете отырып, соңғы секундтарда жеңісті жұлып алды. Азамат пен Қазақстан құрамасының жаттықтырушылар штабын осы нәтижемен құттықтаймын, сондай-ақ Париж Олимпиадасында елімізді лайықты түрде танытуға тілектеспін», - дейді министр.

Аружан Сағындықова – жеңімпаз



Қазақстандық спортшы, 18 жастағы Аружан Сағындықова Монастир (Тунис) ITF турнирінің жеңімпазы атанды.

Әлемнің 829-шы, осы жарыстың 3-ракеткасы А. Сағындықова финалда дүниежүзілік рейтингте 1 253-орында тұрған үндістандық Вайшнави Адкармен чемпиондық атаққа таласты.

Бірінші партия тартысты болып, тай-брейкте Аружан сәтті ойнады – 7:6 (8:6). Екінші сетте қазақстандық жас теннисші қарсыласына еш мүмкіндік қалдырған жоқ, 6:0. Сөйтіп, Аружан Сағындықова маңызды жеңісіне қол жеткізді.

Сырдария ауданы әкімдігінің қолдауымен, «Сырдария-Нұрдария» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен БАҚ өкілдері арасында облыстық ашық турнир өтті.

Шараның ашылуында аудан әкімі Берік Сәрменбаев сөз сөйлеп, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.
– Журналист болу – халыққа қызмет ету. Сондықтан сіздерге артылар міндет пен жүк жеңіл емес. Осындай міндетті жауапкершілікпен атқарып, жағымды жаңалықтарды ақпараттандыруға зор үлес қосып келесіздер. Кәсіби шеберлік арқылы ауданда атқарылып жатқан жұмыстармен өңір жұртшылығы танысуда. Ауданды дамыту мақсатындағы жарқын істер ақпарат көздерінен жиі таралып, басылым беттеріне тұрақты жарияланып отырады. Соның негізінде халық лайықты бағасын беруде. Міне, осы сәтті пайдалана отырып, өңірдің ақпарат саласында тынбай еңбек етіп жүрген Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне шынайы алғысымды жеткізім келеді. Жазушы Шерхан Мұртаза «Журналистің жегені жантақ, арқаалағаны алтын» дейді. Сондықтан ел үшін атқарып жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін. Сырдария ауданындағы жағымды жаңалықтарды алдағы уақытта да сапалы ақпараттандыруға үлес қоса беретіңдеріңізге сенім білдіремін, – деді Берік Әбдіғалпаұры.

Мұнан соң өңірлік коммуникациялар қызметінің директоры Гүлнұр Буркітбаева сөз сөйлеп, Сырдария ауданында БАҚ өкілдеріне арнап турнир ұйымдастырылып жатқанына ризашылығын жеткізді.

Облыстық турнирге «Qyzylorda», «Qogam TV», «Баспасөз», «Меншікті тілшілер», «Өңірлік коммуникациялар қызметі» және «Тіршілік тынысы» командалары қатысып, өзара бақ сынады.

Тартысты турнир нәтижесінде «Баспасөз» командасы I орынды, «Qyzylorda» командасы II орынды, «Меншікті тілшілер» командасы III орынды жеңіп алды. Жеңімпаздарға және қатысушы командаларға, арнайы диплом мен

аталған шара БАҚ өкілдерінің байланысын, еркін форматта ой бөлісуін қамтамасыз еткенін айта кеткен жөн. Себебі, редакцияда отырып, өзара байланыс әлсіреген тұста тілшілердің спорт додасында бірігіуі – бірлікке бастар қадам.

ТІЛШІЛЕР ДОП ТЕПКЕН КҮН



қаржылай сыйлық табыс етілді.
– Ойын тартысты өтті. Өрбір команда өзіндік дайындығы, жеңіске деген ұмтылысы арқылы ерекшеленді деп санаймын. Бұл жарыс барысында сезілді. Сондай-ақ Оған қоса бой сергітіп, ой бөлуге де көмегі көп. Осы тұста ұйымдастырушыларға алғыс шексіз, – дейді қатысушы Бауыржан Сейдалы.

«Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің 14-кезеңі аяқталып, тарлан тарихтың күегері болған, руханияты жаңғырған еліміздің рухани астанасы Түркістан төрінде жеңімпаздар анықталды. Таңғы сағат 7:00-ден бастап соңғы 50 шақырымды өңсеруге аттанған 4 команда ішінде Жетісу облысының командасы топ жарып, мәре сызығын бірінші болып кесті.

Алтыншы кезең қорытындысы бойынша, Қостанай облысының командасы жеңімпаз атанды. Бұл жолы ақтөбелік шабандоздар мәре сызығына екінші болып келсе, Маңғыстау облысының «Көкмойнақ» командасы үшінші болып жетті. Өкінішке қарай, аталмыш кезеңде аттарының жарақат алуына байланысты Қызылорда, Ақмола командалары жарысты тоқтатты.

Команда құрамында 4 қыз қалған Ақмола облысының «Иманжүсіп» командасы алғашқы 50 шақырымды өткеннен кейін

облысы командасымен қоштасуға тура келді. Марафонның бас төрешісі Надежда Купцованың айтуынша, жамбылдық жылқының тұяғы абайсызда шұңқырға кіріп кетіп, ақсап қалған.

«Команданың қалған екі шабандозы командадан тыс Түркістанға дейін жету мақсатын орындады. Олар осы уақытқа дейін үздіктер қатарында болды. Жарыстан шығып қалуы бәріміз үшін оңай тимеді. Дегенмен дода болған соң, жеңіліс те болады. Қалған 11 командаға мұқият болыңыздар дегім келеді» – деп атап өтті бас төреші.

Жамбыл командасының шабандозы Олжас Байшоносов командасының жорықтан шығып қалғанына өкінінетін жоққа шығармай, келесі жылы тыңғылықты дайындықпен келуге уәде берді.

«Өкініш жоқ. Келесі жылдан үміт бар. «Жеңілген күреске тоймайды» демекші, мұнымен тоқталмаймыз. Расында дайындық аз болды. Келесі жылы ең мықты

ары қарай қинауды жөн көрмей, бірауыздан жарыстан шығатынын мәлімдеді. Ұйымдастырушылар да шабандоздардың 11 кезеңде жалпы есепте көш бастап, тек 3 кезең қалғанда тосын мәлімдеме жасағанына таңданыс білдірді.

«Біз үшін бәйгенің жүлдесі емес, сәйгүліктеріміздің амандығы маңызды», – дейді Маңғыстау облысының шабандоздары.

Астанадан Түркістанға дейінгі 1300 шақырымды бастан-аяқ 1 аптен өңсеруді мақсат еткен «Рекорд» командасының құрамы Астана қаласы, Маңғыстау мен Жетісу облыстарының шабандоздарынан құралған. Арқадан атқа қонған үш шабандоз қара жерді қайыстыра Түркістанға таяп келеді...

Соңғы меже – Түркістан қаласы. Шаһарға ең қысқа уақыт ішінде жеткен Жетісу облысының командасы бас жүлде – 18 000 000 теңге көлеміндегі жүлдемен марапатталады. Ақтөбе облысы командасы 2-ші орын үшін – 16 000 000 теңге, ал 3-ші орын иегері

азаматтар 1-орын үшін 2,5 миллион теңге, 2-орынға – 2 миллион теңге, 3-орынға – 1,5 миллион теңге көлеміндегі сыйақы алады.

«Рекорд» командасының нәтижесіне тоқталсақ, Маңғыстау облысының жылқысы 1300 шақырымды 98 сағат 44 минут 47 секундта бағындырды. Ал Жетісу облысының тұлпары 100 сағат 04 минут 34 секундта өңсерді. Үшінші, астаналық сәйгүліктің уақыты 104 сағат 28 минут 11 секундты құрайды.

Сонымен бірге, командасы жарыстан шығып қалса да, жорықты өз еркімен жалғастырып, 1300 шақырымды жеке дара бағындырған 10 шабандоздың ерқайсысына төрешілер шешімімен 1 миллион теңге көлеміндегі қаржылай сыйлық бекітілді.

Бұл ғана емес, екі апталық аламанға қатысып, аттылы шабандоздармен бірге 1300 шақырымды бағындырған Бейнеу ауданының тумасы, Қазақстанның

«Ұлы дала жорығы»:



ЖЕҢІСТІ КҮН ЖЕТТІ

екі атының жарақат алуына байланысты жарысты тоқтатуға мәжбүр болды. Дегенмен «шабандоз ару» атанған Ләззат Ахметова бұл жеңіліс емес, керісінше алғаш рет бұрымдылардың бөріктілермен бірге иық тіресе жорыққа қатысуына жол ашқан үлкен жеңіс екенін атап өтті.

«Жоба маған қатты ұнады. Біз үшін ең маңыздысы – аттардың амандығы. Сайыс жарақатсыз болмайды. Өкінішке қарай, жылқыларз аяқасты жарақат алды. Ең соңғы 50 шақырым біз үшін өте күрделі болса да, жол бойында тарихи, мәдени нысандарға куә болдық. Алаша хан, Жошы хан кесенелерін көздестірдік. Мен мұндай марафон-бәйгеге алғаш рет қатысып отырмын. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз», – деді Л.Ахметова.

Тоғызыншы кезең қорытындысы бойынша, Алматы облысының командасы жеңімпаз атанды. Бұл жолы қостанайлық шабандоздар мәре сызығына екінші болып келсе, Жетісу облысының командасы үшінші болып жетті. Бұл кезеңде Жамбыл

аттарды алып келеміз. Төрешілер 650 шақырымды өңсергеніміз үшін медаль тақты. Атымыз аяқасты аяғын ауыртып алып, жарысты тоқтатуға мәжбүр болдық. Дегенмен біздің екі шабандозымыз Түркістанға дейін барады», – деген еді О.Байшонов.

Шабандоздар 11-кезеңді Қызылорда облысының Шиелі ауданында аяқтады. Бұл кезеңде көмбеге Түркістан облысының командасы жетті. 11-кезеңде ақтөбелік шабандоздар екінші болып жетсе, Қостанай облысының командасы үштікті түйіндеді.

Осылайша, Астанадан басталған марафон-бәйгенің 1050 шақырымы артта қалды, көмбеге дейін қалғаны – 250 шақырым. Өр кезең сайын аттары болдырып, шабандоздары шаршаған командалар марафоннан шығып қалып жатыр. 12 кезеңде күтпеген жағдай орын алды. Былтырғы «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінің чемпионы Маңғыстау облысының «Көкмойнақ» командасының капитаны жорықты жалғастырудан бас тартты. Оның командаластары да аттарын

Алматы қаласының командасы 9 000 000 теңгені қанжығасына байлайды. Төрешілер шешімімен, мәреге 4-інші болып келген Абай облысының командасына 5 000 000 теңге берілді.


Сонымен қатар бұл кезеңде Маңғыстау облысының Адай жылқысы рекорд жасады. «Рекорд» командасындағы 21 жастағы Мағжан Абдолұлы 1300 шақырымның соңғы 50 шақырымын бағындыруға таңғы сағат 7:10-да аттанып, турнирдегі мәре сызығын 8 сағат 44 минут 09 секундта бірінші болып кесті. Астанадан Түркістанға дейінгі 1300 шақырымды бастан-аяқ 1 аптен өңсеруді мақсат еткен «Рекорд» командасының құрамы Астана қаласы, Маңғыстау мен Жетісу облыстарының шабандоздарынан құралған.

Финишқа жетісулік шабандоз екінші болып келсе, артында астаналық шабандоз жетіп, «Рекорд» командасы диттеген мақсатын орындады. 1300 шақырымды 1 аптен бағындырған

күрметті құрылысшысы, елге белгілі велошабандоз Раббим Борашовқа да төрешілер «Ең үздік жанкүйер» номинациясын белгіліп, 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай сыйлық тағайындады. Айта кету керек, Маңғыстаудың «Көкмойнақ» командасына жанкүйер велошабандоз бұған дейінгі марафон-бәйгеге қатысып, Түркістанға дейінгі 1 200 шақырымды бағындырған еді.

P.S. Жалпы 5-19 қыркүйек аралығында марафоншылар елордадан Түркістан қаласына дейін 1300 шақырымнан аса қашықтықты басып өтті. Марафон 14 сатыға бөлінген. Еліміздің 19 өңірінен марафонға 1 командадан қатысты. Қатысушыларға Ұлы Дала рухын сезінуге және киелі жерлеріміз – Жошы хан, Алаша хан кесенелері, түркі руханиятының бесігі Түркістан қаласы сияқты тарихи орындарға зиярат жасауға мүмкіндік туды.

«Реализм - өмір шындығына өң беру»



– Көздің жауын алатын суреттеріңізді байқадық. Бұл мамандық па әлде хоббиіңіз бе?

– «Суретші көргенін емес, сезінгенін салады» дейді ғой. Ой кеңістігіндегі көркемдікті қағаз бетіне айна-қатесіз түсіретінім содан. Мектепте оқып жүргеннен сурет салуға бейім болдым. Сол уақытта-ақ түрлі тапсырыс қабылдап, туындымды көрмеге ұсынатынмын. Жан қалауыңды жүзеге асыру диттеген мұратқа жеткізеді. Яғни, шығармашылық өлемен қол үзіп кете алмайтынмын түсіндім. Сөйтіп М.Мәметова атындағы педагогикалық колледжіне «Бейнелеу және сызу» мамандығы бойынша оқуға түстім. Содан бастан кәсіби түрде сурет салумен айналысамын. Кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жоғары білімді жалғастырдым. Келісімшарт бойынша 3 жыл әскери қызметте де жұмыс істедім. Бүгінде сурет өнеріне оралып, дизайнер бағытында да төбе көрсетіп жүрмін. Байқауларда бақ сынап, жүлдегер атануым да еңбегімнің еленгені. Тіпті қайырымдылық есебінде және ақылы түрде біраз мастер класс өткіздім. Мектеп пен оңалту орталығы балаларға үйрету мақсатында жиі шақыратын. Сондықтан хоббиім

Сурет те сөйлейді. Кез келген картинаның жасырған жұмбағы, беймәлім құпиясы нәм маңызды мазмұны бар. Көрмеде көпшіліктің көз алмай телміре қарап, әлденені түсінуге тырысатынын байқайсың. Бұл – қылқалам иелерінің қайталанбас қолтаңбасы. Өңірде де көз тартар көріністі қылқаламның құдіретті ізіне сыйдырып жүрген жас суретшілер бар. Соның бірі – Дәулетбек Тойшыбаев.

мамандыққа айналды деп айтуға толық негіз бар.

– Стрит-арттың сәнге айналғаны рас. Қабырғаға сурет салудың қарқыны қандай? Ал күріш қолдану жайында не айтасыз...

– Қала келбетінің көркін ашатын көше өнері десек болады. Өйткені, ол тарихты тәпсірлеп, әлеуметтік мәселе көтеріп, түрлі тақырыпқа мазмұнды бейне жасауға мүмкіндік. Сол себепті жауапкершілікті сезіну маңызды. Ал мұны ермек көріп, ойыңа келгенді жазып-сызу жабайылық дер едім. Қабырғаға сурет салу бойынша тапсырыстар көп түседі. Мәселен, Батыс жаққа барып, аудандарды да араладым. Негізі қабырғадағы суретке қатысты жанрлар көп. Соның аражігін ажыратып, сапалы жұмыс істеуге кірісу керек. Аймағымызда стрит-арттың дамуы кенже қалып тұр. Бұған қолдау мен рұқсат қажет. Өйткені, кез келген жерде сурет салуға болмайды, тіпті іс сотқа дейін баруы мүмкін. Демек бұл үшін арнайы рұқсат алу керек.

Ал күрішпен сурет бейнелеу Қызылорданың техникасы. Көбіне портрет салынады. Осы бағыт бойынша да тапсырыс қабылдаймын. Әсіресе, Алматы мен Астана қаласынан біраз тапсырыс түседі. Көпшілік мұны сыйлыққа бергенді жөн көреді.

– Леонардо да Винчи «Мона Лизаны» салуға бірнеше жылын сарп етті. Түстер үйлесімі, суреттің жанды кейіпте шығуы әсерлі болмақ. Сіз үшін бір суретті салуға қанша уақыт кетеді?

– Иә, шығармашылықтың шынайы болғаны маңызды. Суретші ретінде кескіндеме салсаң да килігіп, өзіңе ұнамай кірпияздық танытатын кезең кездеседі. Сондықтан әр бейнені байыппен, аса шеберлікпен салуға тырысамын. Бағытым – реализм жанры. Сондықтан уақыт талабы сурет күрделілігіне байланысты. Мәселен, портрет үшін бір немесе бір апта, кейде екі апта көлемінде уақыт кетеді. Өйткені тапсырысты ұзақ дегенде бір апта аралығына аламын. Ал күрделі, көлемді жұмыс бір немесе екі айға дейін

созылады. Сайып келгенде, бәрі тақырып пен мазмұнға қатысты болмақ.

– Көңілден шықса «көшіріп» алатындар жоқ емес. Туындыны түгел алмаса да сурет салудың өзіндік стилін «өзіңікі» етеді. Жалпы авторлық құқық қалай сақталады?

– Сөзіңіздің жаны бар. Халтураға көшкен, сыпайы ұрлық жасауға, көшіруге бейім адамдар бар. Әлбетте, бәріне топырақ шашудан аулақпын, суретші ретінде де сөкпеймін. Тек жауапкершілік жүгін көтеріп, тапсырысын тиянақты орындағаны жөн ғой. Кез келген маман үздіксіз ізденісте үзіліс жарияламаса ғана өзін жетілдіре түседі. Ал шығармашылықтың шыңына шығу үшін шеберлікті нығайту қажет. Өйтпесе бірінің техникасын, бірінің идеясын жұрымшылап алу ұзаққа апармайды. Бастысы, авторлық құқық сақталуы керек. Жүрегіңді жарып шығып, күні-түні көз майыңды тауысып салған суреттің сұлбасын басқа біреуден көрсен қынжаласың. Тәжірибе жинаудан жалықпаған жөн.

– Суретші туындысы талғамнан туындайды. Қолыңызға қылқалам алуға жетелейтін қиял ма әлде шабыт па?

– Шалқар шабытым қылқалам алуға сеп болады. Қиялдан гөрі идеядан жақсы дүние жарық көреді. Мәселен, кино көріп отырған басыма тың ой келуі мүмкін. Сол сәтте бірден эскизін түртіп алып немесе салынатын сурет тақырыбын сақтап аламын. Бір қызығы, көбі көңіл-күйі құбылғанда шығармашылықпен әуестенеді. Ал мен мұндайда қолыма қалам да ұстай алмаймын. Ол кезде сурет те өдемі, өз сапасында шығуы екіталай. Сондықтан ылғи позитивті жүруге тырысамын.

Айтпақшы, жақында ғана «Қазақстан суретшілер одағының» 90 жылдығына орай көркемсурет галереясында көрме өткізіліп, 20 шақты суретші қатысты. Көрмеге «Қазығын қаққан хандықтың, Жәнібек, Керей тектіден», «Сарысу» атты екі бірдей туындым қойылды. Қысқасы, шабытым жетістікке жетелей бермек.

Сұхбаттасқан
Замира ҚОНЫСЖАН

ЖҰЛДЫЗ ЖОРАМАЛ

(23-29 қыркүйек)

Тоқты

Егер күш-жігеріңізді жинап, бір арнаға құйсаңыз, кез келген проблемалық жағдайдан шығасыз. Осы кезеңде ерекше сақ болыңыз, тәуекелге бармаңыз.

Торпақ

Батыл шешімдерге іштей дайын жүріңіз. Қолдауды ет жақын адамдардан табасыз. Жексенбі – жоспарларыңыз жүзеге асатын күн.

Егіздер

Апта басында кез келген мәселені шешесіз. Бейсенбі-жұма күндері айналаңыздағы адамдарға деген ықпалыңыз артады.

Шаян

Жұмыста барынша сақ болыңыз. Аптаның соңында адамдарға сенім артпаңыз. Ал демалыс күндері жаңа іспен айналысып көрген жөн.

Арыстан

Жексенбіде жақындарыңызға ерекше назар аударуға тырысыңыз. Тосын сый қуанышқа бөлейді. Аптаның екінші жартысында көптеген жұмыс күтіп тұр, барлық бастамалар сәтті болады.

Бикеш

Қажетсіз байланыстардан аулақ болыңыз. Жақындарыңызбен жиі уақыт өткізіңіз, қазір отбасылық мерекелер үшін жайлы уақыт.

Таразы

Ақшаның артынан қумаңыз. Шешендігіңіз кішкентай қақтығыстарды шешу үшін пайдасын тигізеді. Жексенбіде

асқақ арманыңыз орындалады.

Сарышаян

Жағдайды байсалды бағалаңыз, эмоцияға бой алдырмаңыз. Апта соңында жақын адамдармен түсініспеушілік болуы ықтимал. Салқынқанды болып, жағдайды сырттан қарауға тырысыңыз.

Мерген

Тың идеялар пайда болады, оларды сәтті жүзеге асыра отырып, басқалардың көз алдында өресіз. Демалыс күндері туыстарыңызға барыңыз.

Тауешкі

Батыл болыңыз, сонда кез келген мәселенің шешімін табасыз. Аптаның ортасында саяхаттауға жақсы мүмкіндік болады. Демалыс күндері достарыңыз көмек сұрайды, бас тартпаңыз.

Суқұйғыш

Апта басында салқынқандылық пен төзім қажет. Ойға алған жобаңыз нәтижесін беріп, қуанышқа кенелесіз.

Балықтар

Шамадан тыс амбиция алға жылжуға кедергі келтіруі мүмкін, алдыңызға тек нақты орындалатын мақсат қойыңыз. Аптаның ортасында сәттілік шыңына шығасыз.

Құмар ойындарының іргетасы, оған деген қызығушылық мектеп кезден қаланады. Яғни, оңы мен солын ажырата білмейтін, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін аңғармайтын балалардың оңай ақша табама деген пікірінен туындайды. Алғашқы сәтте жай ұялы телефондағы ойындарға донат жасап жүреді. Жайлап ережесіз жекпе-жек, футбол іспеттес спорт ойындарына бәс тіге бастайды. Адам ойынға тәуелді болған кезде интернет-казинодағы слоттарға бармаса, ойындарға қатыспаса, психологиялық тұрғыда ашушаң, жүйке жүйесі жұқара бастайды. Алғашқы кезеңде сіз үшін ойын өте жеңіл, әрі еш күмән тудырмайтындай-ақ болып көрінеді. Бірақ уақыт өте жеңіліс табасыз, жалған намыспен өзге нәрсені дәлелдегіңіз келгенмен, ақыр соңы тақырға отыруға тіреледі.

Жастардың бұл дертіне дауа таппаған дүниежүзілік психологтар дабыл қағуда. Қазақстанда статистика мәліметтері бойынша соңғы жылы 170 мыңнан астам жас 36 миллиард теңгені заңсыз ойын бизнесіне тіккен. 350 мыңнан астам қазақстандық лудоман есебінде. Өткен жылдан бері 2 мың сайт бұғатталып, онлайн-казино аккаунттары жұмысын тоқтатқан.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев салалық министрліктерге заңсыз ойын түрлеріне деген шектеуді арттыруды тапсырды. Сонымен қатар арнайы органдардың осы проблеманы


Жастардың арасында белең алған қасіретті қатердің бірі – құмар ойынға әуестік. Әлемді елеңдетіп отырған бұл проблемадан айрандай ұйып отырған қаншама отбасының жапа шеккені бәрімізге мәлім. Елімізде 10 жұптың 7-еуі құнықтырған құмар ойыны ажырасуға себеп болады.

Отандық блогерлердің көбісі букмекерлік кеңселерді жарнамалау арқылы пайда тауып отыр. Ал медиа тұлғалардан үлгі алатын қаншама жастың бар екенін бірі елесе, бірі біле бермейді.

қолға алуын міндеттеп, лудоманияға қарсы күресте тәрбие мен түсіндіру жұмыстарының маңызды рөл атқаратынын атап өтті. Әуестіктен арылу үшін көп күш-жігер қажет. Егер мақсат қоя білсеңіз және бұл проблеманың сіз үшін әкелетін қатері мен қасіретін ұғынатын болсаңыз, ауруды тез арада жеңіп шығуға болады. Құмар ойындарға кеткен қаражытыңызды рухани дамуға, ілім-білімге, пайдалы қызығушылықтарға пайдалансаңыз, дұрыс өмір сүру ережесін қалыптастырасыз.

Оңай жолмен ақша табама, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүріп пайда көремін деген жасөспірімдерді ес жияр шағынан бастап еңбекке баулып, арам ақшаның арбауынан құтқару қоғамдық парыз. Адал еңбекпен тапқан нан өрқашан тәтті демекші, жастар артық ерекеттерден аулақ болса екен...

Нұршат НЫШАНОВА



ЖАСТАР ҚҰМАР ОЙЫННАР



АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі
Тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 6682
Тапсырыс: 1494